

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН



ISSN 2311-9551



ХАБАРШЫ ВЕСТНИК

№1 (17)
2019

ҒЫЛЫМИ-БІЛІМ БЕРУ ЖУРНАЛЫ
НАУЧНО-ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЙ ЖУРНАЛ

Қызылорда

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ
МИНИСТРЛІГІ АҚПАРАТ ЖӘНЕ МҰРАҒАТ КОМИТЕТІНДЕ 13.02.2014 ж. ТІРКЕЛГЕН,
КУӘЛІК № 14158-Ж**

Бас редактор – Досманбетов Б.С., ҚР Ұлттық Ғылым Академиясының академигі,
экономика ғылымдарының докторы, профессор;

Бас редактордың орынбасары – Дауренбеков Қ.Қ., техника ғылымдарының кандидаты;

Жауапты редактор – Рысмаханова Г.Ж., экономика ғылымдарының кандидаты

Журнал 2014 жылдан бастап жарық көреді және 2017 жылдан бастап жылына 2 рет шығады.

«Болашақ» университетінің Хабаршысы іргелі және қолданбалы зерттеулер нәтижелері мен ғылыми-әдістемелік мақалаларды, сондай-ақ ғылыми конференциялар материалдарын жариялайды.

Редакция алқасы:

Ким И.Л., экономика ғылымдарының докторы, профессор;

Досманбетова З.Р., PhD докторы;

Өтесінов Ж.Ө., ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор;

Тайманова С.Т., филология ғылымдарының кандидаты, доцент;

Байдаулетова А.Ө., филология ғылымдарының кандидаты;

Еспенбетова А.Т., тарих ғылымдарының кандидаты;

Арғынбекова Г.И., заң ғылымдарының кандидаты;

Райымбекова А.Т., экономика ғылымдарының кандидаты;

Шураева С.Н., экономика ғылымдарының кандидаты;

Шумейко Н.Е., филология ғылымдарының кандидаты, доцент;

Жомартқызы М., заң ғылымдарының кандидаты;

Нұрсұлтанқызы Ж., филология ғылымдарының кандидаты, доцент;

Әлібекова Ғ.Б., ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, доцент;

Төлепбергенова А.Ү., педагогика ғылымдарының магистрі.

Техникалық редактор: Алтынбеков Ш.Ғ.

Жауапты шығарушы: Алтынбеков Ш.Ғ.

«БОЛАШАҚ» УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

№1 (17), 2019

Басуға 24.05.2019 жылы қол қойылды. Пішімі 70x106 1/6. Көлемі 5,0 б.т. Офсетті қағаз.
Тапсырыс №124. Таралымы 500 дана. Бағасы келісімді. 120000, Қызылорда қаласы, Абай
даңғылы, 31 «Болашақ» университеті баспаханасында басылды.

МАЗМҰНЫ

Досманбетов Б.С. ЕЛГЕ СЫЙЛЫ АЗАМАТ.....	6
Сәдуақасұлы Ж. АҒА-ДОСТЫҢ «ӨМІР ПАРАҚТАРЫНДАҒЫ» ОЙТҮРТКІЛЕР.....	8
Кәрбозұлы Б. Р. ЖАНАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ӘДЕБИ БЕЙНЕ ЖАСАУДЫҢ ӘДІСТЕРІ МЕН ТӘСІЛДЕРІ.....	14
Божанова А. ОРТАМЫЗДЫҢ ШЫРАҒЫ ЕДІ.....	17
Жанбершиева Ұ.Н. ӨЛЕҢ БОП ӨРЛІГЕН ӨМІР.....	25
Ысқақ А.М. РҮСТЕМ ЖАНАЙДЫҢ «ҚАЙЫРТАЛ» ПОВЕСІНДЕГІ ТУҒАН ЖЕР ТЫНЫСЫ.....	30
Нұрмаханов Н.К. Р. ЖАНАЙДЫҢ «ЖАНҚОЖА БАТЫР» ПЬЕСАСЫНДАҒЫ ӨМІР ШЫНДЫҒЫ ЖӘНЕ КӨРКЕМДІК ШЕШІМ.....	36
Тайманова С.Т. РҮСТЕМ ЖАНАЙ ПОЭМАЛАРЫНДАҒЫ ФОЛЬКЛОРЛЫҚ МОТИВТЕР.....	41
Сапаргаева Л.Е. МҰҒАЛІМДЕРДІҢ КӘСІБИ ТҮЛҒАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА РҮСТЕМ ЖАНАЙДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ОҚЫТУ.....	46
РҮСТЕМ ЖАНАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫ	
ӨЗІМ ЖАЙЛЫ ҮЗІК ЖЫР.....	51
ӨМІР ПАРАҚТАРЫНАН.....	52
САҒЫНЫШ САЗЫ.....	54
АР ТУРАЛЫ.....	55
ҚҰТТЫ ҰЯМ.....	56
СТРАНИЦЫ ЖИЗНИ (отрывок из эссе) СТРАНИЦЫ ЖИЗНИ, КОТОРЫЕ НЕ ВИДЕЛ САМ.....	57
СТРАНИЦЫ ЖИЗНИ, КОТОРЫЕ ВИДЕЛ САМ.....	58
НАМЫС.....	60
РҮСТЕМ АҚЫН ТУРАЛЫ АРНАУ ӨЛЕҢДЕР МЕН ЕСТЕЛІКТЕР	
Әбдіраштың Жарасқаны ӨЗІНДІ ӨЗІҢ ЖОҒАЛТПА.....	63
Мәкеналиев Ж. АҒА.....	64
Қаласқызы Д. ТҰҒЫРЫҢ ТҰРАРЫНА АЛАСАРМАЙ.....	65
Тажикенова У. ЖИЗНЬ С ОЩУЩЕНИЯМИ «РАСКАТОВ ГРОМА»	66

Ізетұлы К.	
ӨШПЕС ЖЫРЛАР ӨРНЕГІ.....	69
Дүзбай С.	
ТАҒЫЛЫМҒА ТОЛЫ ОН ЖЫЛ.....	74
РҮСТЕМ ІДІРҰЛЫ ЖАНАЙДЫҢ ЕҢБЕКТЕРІ.....	77
РҮСТЕМ ІДІРҰЛЫ ЖАНАЙ ЖАЙЛЫ ЕСТЕЛІКТЕР.....	78

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ
«БОЛАШАҚ» УНИВЕРСИТЕТІ**



(1944-2009)

**Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі,
Қазақстан Республикасы «Оқу ісінің үздігі», «Шапағат»
медалінің иегері, ақын Рүстем Ідірұлы Жанайдың
75 жылдығына орай еске алуға арналған
«ЕЛДІК ПЕН ЕРЛІКТІ ТУ ЕТКЕН ҚАЛАМҒЕР»
атты облыстық ғылыми-танымдық конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ**

Қызылорда, 2019

ЕЛГЕ СЫЙЛЫ АЗАМАТ

*Бақберген Сәрсенұлы Досманбетов,
«Болашақ» университетінің ғылыми жетекшісі,
Қазақстан Ұлттық Ғылым академиясының
академигі, экономика ғылымдарының
докторы, профессор*

Құрметті қонақтар, студенттер мен оқытушы-профессорлар! Елбасының «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында бүгін «Болашақ» университетінде Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, Қазақстан Республикасы «Оқу ісінің үздігі», «Шапағат» медалінің иегері, ақын Рүстем Жанайдың 75 жылдығына орай еске алу, оның әдеби мұрасын насихаттау мақсатында ұйымдастырылып отырған «Елдік пен ерлікті ту еткен қаламгер» атты облыстық ғылыми-танымдық конференциясына қош келдіңіздер!

Сыр елінде жауһар жырларын қалдырған ақындар баршылық. Солардың бірегейі, дүр ақын атанған Рүстем Ідірұлы Жанай. Ол – тіршілігінде халықтың құрметіне бөленген, әділдік пен адалдықты, шыншылдық пен талапшылдықты тең ұстаған тарихы тереңде жатқан Қазалының тумасы, менің замандасым.

Мен Рүстеммен Қазақстан Парламентінің Сенатына депутаттықа сайланар тұста жақынырақ араластым. Рүстем менің Қазалыдағы сенімді өкілімнің бірі болды. Сол кезеңде мен Рүстемнің елгі сыйлы азамат екенін таныдым. Өмірі мен шығармашылығы туралы жақынарақ білдім. Жас кезінен білімге құштар, алғыр, өткір, сөзі салмақты, ойы ұшқыр Рүстем қызмет пен табиғат берген талантты абыроймен қатар ұстаған азамат. Оның өмір жолына зерделей үңілсек, ізденіске толы, білуге құштар, білгенін жастарға үйретуге жалықпаған тынымсыз жан еді. Өткен ғасырдағы жастардың көшбасшысы болған Ғанидың ізбасары болатын. Өзі айтқандай, шығармаларының негізгі арқауы туған жердің табиғаты, экологиялық аймақта өмір сүріп жатқан жерлестері, елдік пен ерлікті ту еткен, жүрегі жомарт, сезімі нәзік, көңілі дархан, замандастары болатын. Елдің, ата-бабаларымыздың тарихына үңіліп, олардың өнегелі өмірін ұрпаққа үлгі тұтқан шығармалары да жоқ емес. Елдің бостандығы жолында ерлігімен халықтың тарихи өмірінде есте қалған Жанқожадай батыр бабамыздың әдебиеттегі, оның ішінде драматургиядағы әдеби бейнесін сомдады. Бүкіл әлем мойындаған, даңқты палуан Дәулет Тұрлыханов жайлы «Дәулет батыр» дастанын жазды. «Мәуелі махаббат», «Бақыт босағасы», «Мезгіл мақамдары», «Сағынып кеттім мен сені», «Әйелдердің көз жасымен ойнама» секілді жыр жинақтары мен «Жанайқай» повестер мен әңгімелер жинағының авторы. Бұл туындылардың барлығы рухани, мәдени

мұраларымыздың қадірін зерделеуге қосатын үлесі мол шығармалар екені даусыз.

Жастайынан бар мен жоқтың қадірін сезінген менің сыйлас, сырлас замандасым Рүстем еңбектің бейнеті мен зейнетінің дәмін ерте тартты. Кешегі Отан үшін шайқасқан ақсақалдың тұңғыш перзенті. Ол 1944 жылы 2 мамырда Қызылорда облысы, Қазалы ауданына қарасты «Дикан» ауылында дүниеге келді. 1964 жылы №420 орта мектепті бітіргеннен кейін комсомолдық жолдамамен өндірісте еңбек етті. 1967 жылы Алматыдағы Абай атындағы педагогикалық институтының филология факультетін үздік бітіргеннен соң, еңбек жолын Ақтөбе облысындағы № 484 орта мектепте, одан кейін Қазалыдағы №420 мектептерде мұғалім болып қызмет атқарды.

1970-74 жылдары аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы, 1974-88 жылдары ауыл шаруашылығы қызметкерлері кәсіподағы аудандық комитетінің төрағасы, совхоз партия ұйымының хатшысы, 1989-1994 жылдар аралығында аудандық кеңес атқару комитеті төрағасының орынбасары, аудан әкімінің орынбасары, 1994-2004 жылдары Қазалы қаласындағы №8 кәсіптік-техникалық мектептің директоры, 2005 жылдан өмірінің соңына дейін аудандық оқушылар Үйінің директоры қызметін абыройлы атқарды.

Құрметті конференцияға қатысушылар! Алдыңғы толқындағы ағаларының, ұстаздарының жолын өнегелі өмірімен, қызметімен жалғастырған Рүстем Ідірұлы Жанайдың әдеби мұрасы мен азаматтық ұстанымы бүгінгі жаңа буын жастар арқылы болашаққа ұласады. Бұл – біздің Тәуелсіз Қазақстан дамуындағы Мәңгілік Ел ұстанымының сенімді жолы, өйткені туған жерін, Сыр бойын құрмет тұтқан ақын шығармалары жас ұрпаққа үлгі боларлық өнегеге толы. Алдағы уақытты Рүстем шығармалары ғылыми айналымға еніп, магистранттар мен докторанттардың ғылыми жұмыстарының зерттеу нысанына айналады деп сенемін.

АҒА-ДОСТЫҢ «ӨМІР ПАРАҚТАРЫНДАҒЫ» ОЙТҮРТКІЛЕР

Сәдуақасұлы Жеңіс,

филология ғылымдарының докторы, профессор,

ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері.

Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті

Менің «аға-дос» деп отырғаным – қарт Қазалының тумасы, сол аймақтың өсіп-өркендеуі жолына еңбегімен де қаламымен дебар ғұмырын сарп еткен талантты ақын әрі жазушы, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Рүстем Жанай деген азамат.

Сонау өткен ғасырдың 70-жылдарының орта тұсынан басталған біздің таныстығымыз әуелі ағалы-інілік дәрежеде болса да, кейін достыққа дейін жеткен болатын. Оған себеп – кластас достарымыздың бірі, мезгілсіз өмірден өткен Досжанов Жайылхан Рүстем ағамыздың сүйікті жары Күләш жеңгеміздің туған інісі болатын. Қазалыдағы қандай да бір бас қосуларға барғанда осы кісілермен де бірге болып, етене араласып кеттік.

Бүгінгі күні көзі тірі болғанда аға-досым Рүстем 75 жасқа толар еді. Алланың болжамы мен тағдырдың ісіне араша тұра алмайтынымыз белгілі ғой, сондықтан, Рекеңнің жасай алмаған жасын, көре алмай кеткен қызықтарын Күләш жеңгеміз бен артында қалған ұрпақтарының көруіне Алла нәсіп етсін дейміз.

Біздің бүгінгі баяндамамыздың мазмұны Рүстемнің 2004 жылы жарыққа шыққан «Жанайқай» атты шығармалар жинағындағы бір ғана «Өмір парақтары» атты, өзі айтқандай, «жанры белгісіз» шығармасының төңірегінде болады. 92 парақтан тұратын шығарманың кіріспе бөлімінде адамның өсуіндегі, тәрбие алуындағы ортаның әсері жөнінде айта келіп: «...Орта – сені қоршаған адамдар, кім-кімді де солар тәрбиелейді. Адам болудың мектебі жоқ. Оқулығы жазылмаған. Ойлана-ойлана өзімнің қалыптасу жолымды ой елегінен өткізіп, жанры белгісіз шығарма жазып отырмын... Маған керегі – не көрдім, не істедім, қай оқиғадан қандай тәлім алдым, қандай сөзден жаныма қандай әсер болды, жүрегіме нені қабылдадым, бойыма нені сіңірдім? Кімнен не жұқты? Мен оқиғалардан, кездесу-жүздесулерден не ұқтым? Кімге еліктедім, кімнен жиіркендім?», – дейді де, осы сұрақтардың шешімдері шығарманың мазмұнын құрайтынын тұспалдайды.

Біздің мақсатымыз – осы бір ғана шығармадағы ұрпаққа ой саларлық кей тұжырымдарымен оқырмандарды, әсіресе жастарды таныстыра отырып, жалпы туған жерден табан аудармай, елге еңбегімен де, өнерімен де қызмет ете білген, көп жағдайда өмірден ерте кетіп елеусіз қала беретін көп азаматтың бірі ретіндегі ақын,

жазушы Рүстем Жанаймен жүздестіру, оның шығармаларын зер сала оқуға үндеу. Енді Рекеңнің аталмыш шығармасындағы оқиғалардан туындаған өзіндік тұжырымдарына – тәлім-тәрбиелік мәні бар ойтүрткілерге сөз берейік.

Соғыс жүріп жатқанда жеті айлығында дүниеге келген шақалақты бүкіл ауыл әйелдері тымаққа салып, «қырық күн кезек күтіп, тымаққа салып, кереге басына іліп ...аман алып қалса керек». Кейінірек аналардың осы бір әрекеттері туралы естігенде, ойлана келе: «...сәбиді аңсау – өмірдің жалғасын аңсау екен. Соғыс – өмірді, күллі өмірді, күллі өмірді болмағанмен бір халықты не бір жанұяның жалғасуын үзіп тастауы мүмкін. Өзім естіген оқиғадан осыны ұқтым», – дейді автор.

Сол бір соғыс жылдарында ауыл басшылары үйлеріне аш-жалаңаш, кішкене баласы бар бір шешен әйелін кіргізіпті. Автордың естуінше, анасы жұмыста болған кезде оған осы әйелдің де емшегін емуге тура келген көрінеді. Бұдан түйгені: «Ана қайда да, қандай жағдайда да – Ана. Сөйтіп мен шешен Ананың да сүтін еміппін. Алдымен Алланы, сонсоң Ананы сыйлау керек екенін түсіндім», – деп бүкіл Аналарға деген жүрек жарды құрметін білдіреді.

Бұл өзі әлі ес білмей тұрғанда, үлкендердің айтуынан естігендері бойынша түйгендерінің бір парасы ғана. Ендігілері – «ес біліп, етек жапқаннан» кейінгі оқиғалардан туындағын тұжырымдар.

Әкесі ферма бастығы болған соң, баласы күнде сүт ішеді, нан жейді. Тамағы тоқ. Ал басқа үйдің балалары қоғажайдың (қоға – тоқып төсеніш жасаудан басқа ешнәрсеге жарамайтын шөп) дәнінен жасалған қатты нанды кеміріп отырғанын көргеннен соң: «Содан бері аштық пен тоқтықты айыратын болдым... Жоқ-жұқа адамға аянышпен қарап, қамқор болуға тырысу сол бір оқиғадан басталғандай болады да тұрады», – деген ой түйеді.

Әкесінің бір аяғын соғыста қалдырып келгенін өз аузынан естігеннен кейінгі түйін мынау: «Сонан менің санамда соғыс деген адамның аяғын кесіп алатын жалмауыз күйінде қалды. ...Әкемнің бір аяғының жоқтығы өзіне ғана емес, үй-ішімізге де қаншама жылдар ауыр салмақ болды. Адам баласы соғыстың салмағын өлшей алар ма, сірә?».

Анасының босанар кездегі шыңғырған даусынан қорыққан бала Рүстем, үйге кіргенде қолына кішкене бөпе ұстап, маңдайының терін сүртіп, күліп отырған анасын көрген кезін еске алады да: «...Күлкісі көз алдымда. Өмірге адамның қандай азаппен келетінін, оның қаншалықты бақыт екенін анамның күлкісінен көзбен көрдім. Бұл ұмытылмай есте қалды...» – деп түйіндейді.

Анасының сиыр сауып, көбік жалатып, сүт беретінін еске ала отырып: «...анам берген сиыр сүтінің дәмі ұмытылған жоқ... Кейін мен елуге келгенше үйіндегі қаймақты басқа балаларына бермей маған

сақтап отыратын. Қайран Ананың үлкен махаббаты, үлкен жүрегі-ай!» – деп, Анасына деген сағынышын риясыз сезіммен білдіреді.

Ана қасиетімен бірге автор әке тәрбиесін де естен шығармаған. Бірде көршінің үйіне әкесімен бірге барып, сол үйдің баласы ойнап отырған кішкене машинаға қызығып, соны жасырып ала келеді. Оны біліп қалған әкесінің әрекеті былайша беріледі: «...Қаһарлы дауыс құлағымды жарып кетті. «Тұр» – деді. Ұшып тұрдым. «Ана ойыншықты қай жерден алдың, сол жерге қойып кел. Тез!». Орнына қойып келдім. Өзгенің дүниесіне тиюге болмайтынын, қызығуға болмайтынын сонда ұқтым-ау деймін.

Кісінің ала жібін аттамау қасиетім сол оқиғадан бастау алса да өзі білсін. Ұрлық істеу санамда жоқ. Рахмет, әке!» – дейді ол.

Мүгедектігіне қарамай еңбекшіл әкенің балаларын да еңбекке ерте жегуі арқасында тапқан өнімдерін сатып қорасына мал жинағанын еске алып: «Мен еңбектің құдіретін сонда түсіндім» десе, өзінің базарға пішен сатып, нан тапқанына ризашылығын «Талапты ерге нұр жауар» деген халық мақалымен білдіреді.

«Әкем: «Кісіге қарыздар болма, халқыңа қарыздар болуға болады», – деуші еді. Шынында азамат халқына мәңгі қарыздар ғой. Әке сөзінің де дәл мағынасы осы болу керек», – деген тоқтамға келеді.

Соғыстан кейінгі қиын кезеңде анасы жастық астына тығып кеткен нанды өзінен кейінгі іні-қарындастары ұйқыдан тұрғанша жемей, қаншама қарны ашқанына қарамай, солармен бөлісіп жеуге шыдағанын «үлкендік, жауапкершілік, туыстық, бауырластық» дегендей сезімдермен байланыстырған ол: «Қазір нанның мол кезінде бірінікін бірі жұлып жеуге дайын тұратыны-ай. Қазір дүниені қанталапай жасап жатқанда, сол бір күн менің көз алдыма ап-анық боп оралады. «Өле жегенше, бөле же!». Осыны түсінетіндердің аздығы-ай!», – деген күйінішін білдіреді.

Оқушылық кезде сахнада тақпақ айту тұсында болған бір оқиға: «...Бір күні сахнаға шығып, қолымды оңды-солды сілтеп тақылдап тұрғанмын, шалбарым түсті де кетті. Тоқтамадым. Жұрт күлкіден қырылды. Бәрібір аяқтап шықтым. Өнерге келу үшін жүрек керек екенін түсіндім...

Кейде қиын сәттерден абыржымай шығуды сонан бастасам керек», – деп өзіндегі қайсарлық мінездің жастай қалыптасқанын аңғартады.

Ұрысысып қалған екі оқушы қыздың бірі екіншісінің бетіне түкіріп жібергенін «көргенсіздікке» балайды да: «...Кісі бетіне түкіру – жүрегіне қанжар салумен бірдей көрінеді маған әлге дейін. Ең болмағанда жерге түкірсейші, көргенсіз!» – деп, қыз балаға тән қандай қылықтардың да орта арқылы, әсіресе отбасы арқылы қалыптасатынын аңғартады.

Поезда бет ажары өте сұлу бірақ белінің бүкірлігі бар қыздың жұрттан қысылып орнынан тұрмағанын, кейін амалсыз тұруға мәжбүр болғанын көріп: «...Біреудің кемістігін байқамай, өз кемістігіңді жасырмай өмір сүру де мықтылық...» – деген ойға келеді.

Студент кезінде ауылға барып келу үшін аяқ киімін сұрап алып, артынша хабарсыз кеткен, көп жылдан соң республикалық дәрежедегі қызметпен елге келген жерлесін көріп: «...Ол жұрттың үстінен аспанға караса, мен оның аяқ киіміне қарай бердім», – дейді.

Рүстем студент кезінде сабақ берген Кеңес Одағының Батыры, академик Мәлік Ғабдуллиннің, орыс әдебиетінен сабақ берген Смирнова деген ұстаздарының жастарға деген қамқорлық, адамгершілік қасиеттерін еске ала отырып, «Адам баласына ұстаз көрсеткен рухани қамқорлық – қамқорлықтың көкесі ғой» деп тебіренеді.

Ақынның мына бір естелігінің де қазіргі кездің проблемасы болып отырғанын ескерткіміз келеді. Сол студенттік кезде сабақ берген академик Қажым Жұмалиев бір әңгіменің иінінде: «...Біздің үйде бәрі бар, бірақ мен қазыны профессор Нұртазин Темірғалидің үйінен жегенді, қымызды Сәбит Мұқановтікінен сіміргенді, коньякті үйден ішкенді ұнатамын. Көптен солай» – дейді. Сөйтсек, Қажекеннің әйелі орыс екен. ойланатын-ақ, ойландыратын-ақ сөз емес пе?

Өз ұлтыңа үйлен дегені шығар. Қажекен қайтыс болғанда орыс катын қайдан дауыс шығарсын, Сәбеннің Мәриясы жоқтаудай-ақ жоқтапты дейді», – деп еске алады Рекең. Я, сол бір кеңес дәуірінің алғашқы күнінен біздің зиялыларымызға талақтай жабысқан осы бір кеселдің зияны бүгінгі күні де жойыла қоймағанын, сол асылдарымыздың ұрпақтарының ұрпақтарына дейін әлі күнге шүлдірлеп жүргенін, жастарымыздың басқа ұлт өкілдерінен жар табуға ұмтылысының да қалмай келе жатқанын қалай жасырамыз.

Ұлт тағдырына алаңдаған ақын әжесінің балаларына не басқа біреуге ашуланғанда айтатын ең қатты қарғысы «Әй, көбейгірлер-ай, көбейіп неге кетпейсіңдер, көбейгірлер!» – екенін есіне түсіре отырып, «...Шіркін, адамдар бірін-бірі үнемі осылай ғана қарғаса ғой. Қазақтар саны қытайлардан да көп болар ма еді, кім білсін? Сол әжемнің қарғысы қабыл болғай деп тілеймін», – деп үміттенеді.

Рүстем жасынан ел ісіне араласып, түрлі лауазымды жұмыстар атқара жүріп көптеген ел құрметіне бөленген қарапайым ақсақалдармен, басшылармен, ақын-жазушылармен, өнер қайраткерлерімен сырлас, табақтас болған, олардың сөйлеген жақсы сөздері мен істеген жақсы істеріне, өзара және халықпен жақсы қарым-қатынастарына куә болған, өзіне мол сабақ алған, көкейіне тоқыған. Сол жандарды еске алған естеліктерінің соңын өз жанынан шыққан әділ бағалармен тұжырымдайды. Барлық естеліктердің толық

мәтіндерін оқырманның өздеріне қалдыра отырып, бірер оқиға кейіпкері мен автор түйген түйіндердің біршамасына ғана тоқталайық.

Белгілі ақын Балтабай Тәжімбетовті ішімдік ішті деген сылтаумен жұмыстан шығарғысы келген басшыдан бюрода қорғап қалған аудан басшысы Елеу Көшербаев туралы: «Ақынның жанын түсінген басшыға тағзым етуге болады. Көбісі өзі ақын бола алмайды, ақындарды көре алмайды. Ақынды азаптаған басшының баратын жері дозақ болып елестейді маған», – деген күйінішін де жасыра алмайды.

Белгілі ақындар Қомшабай сүйініш пен Сейіл Боранбай ағаларынан алған шексіз өнегелерді еске ала отырып: «Үлкендердің жақсы қасиеттерінің менің жанымда қаншасы қалды екен деп ойлайтыным бар. Қанша болса да қалғаны рас. Кейінгі інілеріме сол қасиеттердің қаншасын тапсырам, мәселе сонда», – дейді жазушы.

Ұзын сонар жол салып алып, одан ешжаққа бұрылмай, тізбектеліп, бірі илеуге қарай, бірі илеуден шығып бара жатқан құмырсқалардың керуеніне қарап тұрып таң қалады да: «Ойланамын: шіркін-ай, адамзат еңбекқор, әрі осылардай тәртіпті болса ғой. Соғыс та, аштық та, террор да, басқа апат та болмас еді-ау! Алла құмырсқаны бізге өнегеге жаратқаннан сау ма екен өзі?! Бірақ соны түсінетін пендені айтсайшы», – деген тоқтамға келеді.

Толыбай деген інісінің кездескен жерде сәлемімен бірге «не тапсырмаңыз бар, аға?» деп тұратын инабаттылығын еске ала отырып, өзім кездескен үлкендерге де осыны айтқым келіп тұрады дейді де: «Кейде жасы кішіден де жұғатын нәрселер жетеді», – деген ой айтады.

Аудан көлемінде 35 жыл басшы қызметтер атқарған кезінде өзі тәрбие алған, соларға еліктеген, солардан үйренген, сырласқан, ойласқан ағалары – жоғарыда аталған мемлекет қайраткері дәрежесіне көтерілген Елеу Көшербаевтан бастап, соғыс ардагері, ауылшаруашылығының білгір маманы – Ерғали Төлепов, сауданың білгір басшысы – Айниет Өсербаев, туымы да, туысы да бөлек абыз ақсақал – Қали Мәкенов, белгілі жырау – Әмитжан Бөріқұлақов, философ-ақын Сейіл Боранбаев тағы да басқа көптеген ел азаматтарымен бірге мемлекет және қоғам қайраткерлері Өзбекәлі Жәнібеков, Қаратай Тұрысов, Әубәкір Тыныбаев, Сейілбек Шауқаманов, өнер қайраткерлері – бұлбұл әнші Роза Бағыланова, қазақтың ұлы дирижері Шамғон Қажығалиев, театр артистерінің анасы Сәбира Майқанова, киножұлдыз, артист Асанәлі Әшімов, ақындар Қадір Мырзалиев, Жарасқан Әбдірашев, Мешітбай Құттықов тағы да басқа зиялы қауымдар қатысқан тұшымды да тәрбиелік мәні зор оқиғаларды еске ала отырып: «Біздің міндетіміз – алдымыздағы үлкендердің бай қазынасын жерге түсірмей, желге ұшырмай қағып ап сақтап, кейінгі ұрпаққа қалдыру. Бұл жеңіл міндет емес», – деген тұжырым жасайды.

Қызмет бабында қызғанышпен ақынның аяғынан шалғандар да болған. Сондайлар жайында айта келіп: «Аяғыңнан шалатын аярлар, аңдыған жауың болмаса да өмір қызықсыз болар еді деп ойлаймын. Күрес адамды шындайды ғой. Бірақ қасыңдағы адамдармен күрескеннен гөрі өмірдің басқа бір қиындықтарымен күрескенге не жетсін!» – деген тоқтамға келеді.

Қызметте жүрген кездерінде Рүстем қайырымдылық істермен де айналысады: Қазалыдан қарттар үйін салуға мұрындық болады, шетелде оқып жатқан студенттерге шәкіртақы тағайындайды, өзінен кейінгі ақын інілерінің жұртқа танылуына жағдай жасайды.

Өзінің жарына, балаларына деген сүйіспеншілігін білдіретін, елді бірлікке, жастарды еңбекке үндейтін ұлағат сөздері де осы бір ғана шығарма ішінде қысқа да нұсқа деректі оқиғалар негізінде берілген.

Жалпы, Рүстем Жанай ақындық, жазушылықпен қатар драматургияға да қалам тартқан жан-жақты өнер иесі. Алайда, өмір бойы ел ішінде басшылық қызметте болуы оның осы өнерінің кең қанат жаюына, том-том шығармалар жазуына мүмкіндік бермеген сыңайлы. Сонда да болса жарық көрген еңбектерінің өзі оның жоғары талант иесі екендігін айшықтаса керек.

Р. ЖАНАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ӘДЕБИ БЕЙНЕ ЖАСАУДЫҢ ӘДІСТЕРІ МЕН ТӘСІЛДЕРІ

*Кәрбозұлы Бағдат,
филология ғылымдарының докторы, профессор,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері,
Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,
«Қорқыттану және өлке тарихы» ғылыми-зерттеу
институтының директоры*

Біріншіден, Р. Жанаев – ақын. Демек, біз оның поэзиясындағы әдеби бейнелердің жасалуына алдымен тоқталуымыз керек. Лирикалық поэзиядағы әдеби бейне дегенде біз, әрине, ақынның өзі, бейнесі туралы айтамыз.

Әдебиет теориясында лирикалық поэзиядағы ақын бейнесін лирикалық кейіпкер ұғымымен байланысты ұғынып, қабылдау қалыптасқан жағдай. Лирикалық кейіпкердің, яғни «ақындық» немесе лирикалық «меннің» автобиографиялық және автопсихологиялық сипаттылығы оның өмірлік емес, өнерлік категория екенін дәлелдеуге негіз болады. Р.Жанаевтың «Сағыныш» деген өлеңінде:

«Сағынып кеттім,
Сағынып кеттім мен сені.
Сағыныштың жоқ екен ешбір өлшемі.
Сағынбау деген – күнәнің нағыз үлкені,
Сағынып кеттім,
Сағынып кеттім мен сені,
Жанымның жарты бөлшегі» [1], -

деген шумақ бар. Бұл, әрине, Рүстем Жанаевтың сағынышы, демек, өлеңдегі сағыныш сезімінің автобиографиялық сипаттылығы көрініп тұр. Бірақ басқаларымыз да, яғни бәріміз де сағынамыз ғой. Өлең шумағын оқығанда сағынатын адамдарымыздың еске түсетіні заңдылық. Бұның өзі ақынның сағыныш сезімін жырлауы арқылы бір мезеттегі көңіл-күйін білдіруімен, сол сезімнің бәрімізге ортақтығын жырлап отырғанын көрсетеді және «лирикалық кейіпкердің» автопсихологиялық сипаттылығын да танытады. Демек, лирикалық поэзиядағы ақынның айтқандарының бәрін оның өмірбаянынан іздеуіміздің дұрыс болмайтын сияқты, лирикалық «меннің» өмірдің емес, өнердің заңдылықтарының шарттарына сәйкес жүретін категория болатынын ұғынғанымыз дұрыс болады. Жалпы лирикалық «Мен» арқылы лирикалық поэзияның ең басты сипаты – оның субъективті өнер түрі екенін айтып қорытындылауға болады.

Р. Жанайдың «Жанарға» өлеңінде Жанар деген қыз туралы айтылады. Жанар қыздың портреті, ептеп әдеби бейнесі жасалады. Жанар, әрине, ақыннан тыс, өмірде бар, болған адам болғандықтан ол

ақынның өзі емес, өлеңнің субъективтілік емес, объективтілік сипаттылығы басым болып тұратыны сондықтан. Демек, лирикалық поэзияның уақыт пен кеңістік алдындағы лириканың жанрлық сипатының талаптарының негізінде өмір сүретін өлеңнің ішінде ақыннан басқа объективті кейіпкерлер де болады екен. Р. Жанаевтың «Жанарында»:

«Отырдың-ау,
Саусағыңды сындырып,
Кірпігіңе кірпігіңді ілдіріп,
Көбелектің қанатындай дірілдеп
Толқын тұрды ерінінде үйіріліп» [1, 41 б.], -

делінетін жолдар бар. Осы өлең жолдарын тек портреттік сипаттаулар ғана емес, образдық мінездеулер деп қабылдағанмыз жөн. Өйткені автор бізге Жанардың сұлулығын суреттеумен қатар, қандай адам болғанын да осы жолдар арқылы білдіре бастайды. Лирикалық поэзиядағы бұндай кейіпкерлердің, бейнесінің дүниеге келуінде бейнелеудің субъективтік емес, объективтік тәсілі қызмет ететіні көрініп тұр.

Лирикалық поэзияда ақын Рүстем Жанайдың «Жанары» сияқты арнау өлеңдер өте көп. Субъективтілік емес, объективтілік сипатты бұндай өлеңдердегі ақын тұлғасы өлең персонажындағы кейіпкердің қалай жасалуына, оған ақынның қандай қарым-қатынаста болуынан көрінеді. Әдеби бейне жасаудың пейзаж, жинақтау мен мінездеу, прототип, психологиялық хал-күй, тіл т.б. әдістері мен субъективтік және объективтік тәсілдері лирикалық поэзияда да образ жасауға араласады. Негізгі айқындаушы, бәрібір, ақын бейнесі болатынын айтып қорытындылаймыз.

Р. Жанаевтың өлеңдерінде ақынның туған ел мен жердің бүгіні мен ертеңіне елендеп, болашағына бағыттап айтылған ой мен сезімдер, тұжырымдар, әрине, баршылық. Осы тұстарда ақынның лирикалық кейіпкерінің жан-жақты білімдар, интеллектуальды тұлға болып өлең ішінде қалыптасқанына көзіміз жетеді.

Р. Жанаев – прозада да өз қолтаңбасын қалдырған суреткер. Оның бірнеше повесі, әңгімелері күні бүгінге дейін оқырмандардың ықыласына бөленіп келеді.

Р. Жанаевтың «Еркектің көз жасы» деген шағын әңгімесінде адам тағдыры, оның қоршаған ортаға, табиғатқа қарым-қатынасы сөз болады.

Жазушы өзінің өмірлік ұстанымдарын, шығармашылық креодасын Қалман бейнесін жасау барысында анық көрсетеді, танытады. Қалман – ересек азамат уақытынан қартайған шағына дейін шығарма арқауына айналған кейіпкер, қазақ азаматы, ақсақалы. Р. Жанаев Қалман бейнесін жасауда табиғат суретін – пейзажды керемет пайдаланады. «Қалың қамыс ішінен үйректің құрқылы естіледі. Әр

жерде шоқ-шоқ болып өскен жыңғылдарда шырылдап шымшық торғайлар көтеріледі, қонады. Сәл ғана салқын леп соқты. Сонымен қоса алыстан ілескен жусан исі мүңк ете қалды»[1, 401 б.]. Бұндай табиғат суреті қаламгер шығармашылығында жиі ұшырасады.

«Еркектің көз жасы» әңгімесінде жазушы Қалман бейнесін жасауда табиғат суретін пайдаланумен қатар, экологиялық мәселені көтереді. Экологиялық жағдайдың адамзаттың ең күрделі мәселесіне айналып келе жатқанын Қалманның табиғат, оның жағдайы туралы ойларымен шебер қиюластырады. Сырдария суының тартылуы, Аралдың азуы – бұлар Қалман ойында тұрақ таппайтын, күрмеуі шешілмеген, адамдар қолымен жасалған табиғатқа қиянаттар.

Жазушы осы тұстарда Қалман бейнесі арқылы өзінің нағыз патриот-елі мен жерін сүйетін адал ұл, ардақты азамат екенін көрсетеді.

Қалман бейнесі – барынша жинақталған, типтік бейне. Қалман арқылы азаматтық есею жылдары мен қартайған тұстары кеңес дәуірінің соңғы кезеңіне тура келген қазақтардың жиынтық бейнесі жасалған. Бұлар – кеңестік идеологияның құрбандары. Кеңес үкіметінің қызық-шыжықтарын қатар көріп өскен, кейбір мәселелерді терең түсінбейтін, бірақ көкірегі адал, қарапайым ауыл адамдары. Қоршаған ортаға, табиғатқа шын жаны ашитын олардың саяси мәселелердің кейбір жағдайларына көңілдері толмайды. Неге олай? Бұл сұрақтың жауабын іздеумен өмірін оздырған Қалмандар біреу емес, бірнешеу болғанынан біз, әрине, хабардармыз. Қалман бейнесі күрделі жоспарда жасалғандығымен құнды. Ол арқылы кеңес дәуірінің бар шындығы көрініс береді. Әңгіменің артықшылығы да осында.

Ойымызды қорытындыласақ, Рүстем Жанай шығармалары ауданда, ауылда дүниеге келгендерімен, орталық қалалардағы суреткерлердің шығармаларынан бірде кем емес, оқырмандарына айтары мол көркем туындылар.

ӘДЕБИЕТ

1. Жанаев Р. Шығармалары, 9-бет «Сырдария кітапханасы», «Фолиант» баспасы.

ОРТАМЫЗДЫҢ ШЫРАҒЫ ЕДІ

Божанова Алмагул,

*Облыстық «Ұрпақтан ұрпаққа» қоғамдық бірлестігінің
төрайымы, Қызылорда облысының құрметті азаматы*

Замандасымыз, досымыз Рүстем Жанаев туралы есте қалғандарды қағаз бетіне түсіру жөнінде ұсыныс түскенде мен қиналып қалдым, оның себебі Рүстем мен айтпай-ақ, жазбай-ақ Қазалы, Арал өңіріне, Сыр бойына, бүкіл республикаға десем артық айтқандық емес, белгілі азамат, өзінің бүкіл өмірімен елге жасаған еңбегімен, шығармашылық қызметімен, халыққа деген қамқорлығымен, достыққа беріктігімен, ағайынға, әулетке жанашырлығымен абыройға бөленген жан.

Менде Рүстемнің ел-жұрт білмейтін қандай қасиетін ерекше айта алар екенмін деген қобалжу, қиналыс болды. Тәуекелге бел байлап, Рүстеммен бірінші танысқаннан бастап, өмірден өткенше кездескен сәттерді еске түсіріп көрейін. Біздің ең бірінші таныстығымыз өзіміздің жанымыз жақсы көретін комсомол жұмысында басталды. 70-жылдардағы комсомол қызметіндегі жігіттер мен қыздар сыртқы көркімен жан сұлулығы сай келетін жайнап тұрған жастар еді. Олардың басты қасиеттерін, ерекшелігін, жанып тұрған от екендерін комсомолда бірге қызмет жасаған әріптестерім туралы естеліктерімде баяндап жүрмін. Соның ішінде Қазалы аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы Рүстем Жанаев шығыс жастарының жалынды жетекшісі Ғани Мұратбаевтың өзіндей болмағанмен, көзіндей болған ізбасарлардың бірі, бірегейі ретінде үнемі жарқырап жүретін. Комсомол жұмысына сәл кейіндеу келген бізге жастармен жұмыстың қыр-сырын облыс орталығында өтетін жиналыстарда, семинарларда, оқуларда кездескенде үйрететін. «Комсомолдың мүшелік жарнасын қалай жинауды үйретейін бе?»-деп әзілдейтін. Рүстемнің бізден бөлекше қасиеті сол кездің өзінде суырып-салма ақындығы, өнерге, әдебиетке етене жақындығы, мінезінің ашықтығы, адамдармен тез тіл табысып кететіндігі, қазақы артында зілі жоқ әдемі әзілі, лезде шығара қоятын шымшымалы шумақтардың шебері еді. Осы қасиеттері оны тек өлең жазып қана қоймай, кейін шағын скетчер, пьесалар жазуға шабыттандырды. Комсомолдағы қызмет бізді, оның ішінде Рүстемді ұйымдастырушылыққа, шешендікке, ұлтжандылыққа, әділдікке, әдемілікке, жазу сауаттылығына, көпшілдікке, батылдыққа, тәрбиеледі. Жастар жетекшілігінің бізге берген баға жетпес қасиеттерінің бәрін айтып жеткізу қиын, комсомол жұмысынан алған тәрбиеміз кейін қай жерде жүрсек те, қандай жұмыс атқарсақ та бізді

абыройға бөлеп жүрді, осы күннің өзінде бізге қырық жылдық азық болды, өміріміздің аяғына дейін жарық сәуле болады деп ойлаймын.

Сол кездерде біз сыртқа, басқа облыстарға, Алматыға, Москваға, тіпті одақтас республикаларға, шетелдерге іс-сапарларға көп шығатынбыз. Осындай жолсапарларда Рүстем біздің басқарушымыз, бастаушымыз болатын, кім қандай дайындықпен шығу керек, кім қандай азық-түлік, қандай құрал-сайман алу керек, ән жинақтары мен музыкалық аспаптарға дейін тапсыратын еді. Біздің жүрген жеріміз алдымен келген мақсатымызды, жұмысымызды, тапсырмамызды, жиналыстарды орындап алғаннан кейін, түрлі кездесулер, барған жеріміздің ерекшелігіне қарай мәдениеті, салт-дәстүрлері, табиғаты, экономикасы, жастармен жұмыс әдістері, музейлері, тарихи жерлерімен танысумен жалғасып, аяғы той-думанмен аяқталатын. Осының бәрінің басы-қасында Рүстем жүреді, өзі режиссер, өзі сценарист, өзі жүргізуші болады, қалғанымыз орындаушылар, әнші де, ақын да, биші де, юморист те, жарыстың алдын бермейтін спортсмен де, ұста да, журналист те өз арамыздан шығады.

Рүстеммен комсомол жұмысын қатар бастаған, жастары да шамалас Жалағаш аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы Рсалды Ақмолдаева, Рысты Тілеуқабылова да Рөкеңнің қалыспайтын ұйымдастырушылар болатын, бір-бірімен әзілдері де жарасатын. Рүстем батыл болатын, шыншыл, принципті көзқарасы, ақындық таланты, шығармашылық ізденісі, өзі атқарған түрлі сатыдағы қызметтердегі ұйымдастырушылық, ыждағаттылық, әділдік қасиеттерімен бірге шыңдалды. Комсомол жұмысынан кейін Рүстем 1974-1988 жылдары ауыл шаруашылығы қызметкерлері кәсіподағы аудандық комитетінің төрағасы, кеңшар партия ұйымының хатшысы, 1989 жылдан 1994 жылдар аралығында аудандық Кеңес атқару комитеті төрағасының орынбасары, аудан әкімінің орынбасары қызметтерін атқарды. Осы қызметтерде жүргенде де біздің достық қатынасымыз үзілген жоқ, облыс орталығындағы жиындарда кездесіп, міндетті түрде уақыт тауып, әр салада жүрген бұрынғы комсомол қызметкерлері бас қосып, бірімізге-біріміз сөз бермей, жаңалықтарымызды айтып, кішігірім мереке жасайтынбыз, ол бір нағыз қайталанбас сәттер еді ғой. Солардың бірнешеуі қазір бұл өмірде жоқ, қандай өкінішті. Ал біз Қазалыға жол түсіп бара қойсақ, Рүстемді туып алатынбыз, қайтқанша есебін тауып біздің жанымызда болатын. Алматыдан кейін Қазалыда бірінші болып өзі ұйымдастырған «Тамаша» ойын-сауық отауын бастап келіп, біздің Тереңөзек ауданында бірнеше концерт қойып қайтқан болатын, орындалған миниатюралардың бәрін Рүстем өзі жазған, сценарист те өзі. Аудан әкімінің орынбасары болып қызмет атқарғанда Жанқожа бабаның кесенесін салуға, ескерткіш орнатып, республикалық

дәрежеде іс-шара өткізуге облыс, аудан басшыларының бағыттауымен бар күш-жігерін, біліктілігін жұмсады. Күндіз-түні уақытпен санаспай қарбалас жүргені сонша, іс-шара өтіп болысымен қатты ауырып та қалды, жағдайын біліп, хабарласып тұрдық, жұмыс, жауапкершілік дегенде өзін-өзі аямайтын азамат еді. Осындай жауапты қызметтер атқара жүріп, қолынан қаламы бір сәт те түскен емес. Алғашқы жыр жинағы «Мәуелі махаббаттан» кейін «Мезгіл мақамдары», «Бір өзіңе», 2004 жылы «Сағынып кеттім мен сені» өлеңдері жинағы және «Жанайқай» прозалық жинағы, «Әйелдердің жүрегімен ойнама» атты кітаптары шықты, 2007 жылы «Сырдария кітапханасы» сериясымен бір томдық шығармалар жинағы жарық көрді. Драматургия саласына да қалам тербеп, «Жанқожа» пьесасын жазып, сахналады, көптеген өлеңдеріне ән жазылды. Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі ретінде бүкіл республикаға аты белгілі болды. Қазалыға бір барғанымда «Сағынып кеттім мен сені» атты өлеңдер жинағын сыйға тартқан болатын, ауданда 1-2 күн болатындықтан түнде жинақты оқып шықтым. Ертеңіне Рүстеммен кездесіп өлеңдерден алған әсерімді жеткізіп «осындай сырлы сезімді лирикалық өлеңдерді жазып, аспанға ұшып кетпей қалай жайбарақат жүрсің», - деп әзілдеген едім. «Жер басып жүргеніме шүкір, бәріне қанағат», - деп күліп еді.

Рекең 1994 -2004 жылдар арасында Қазалы қаласындағы №8 кәсіптік-техникалық мектептің директоры болып қызмет атқарған кезде облыстық маслихаттың депутаты болып сайланды, ол кезде мен облыстық маслихаттың хатшысы болғанмын. Тағдыр бізге қайта-қайта кездесуді, бірге жұмыс атқаруды жазған болу керек, тағы да депутаттық қызметімізді бірге атқардық. Қазалы ауданының экономикалық-әлеуметтік салаларының өзекті мәселелерін сессия отырыстарында батыл көтеретін, мен өз тарапымнан қолдау көрсетіп, облыстың атқарушы органдарына жеткізіп отыратынмын, соның нәтижесінде мектеп, балабақша құрылыстары салынып, ауыз су, аяқ су мәселелері шешілген болатын. Осындай шаруашылық жұмыстарымен бірге рухани өсу, тәрбие мәселелеріндегі олқылықтарды да ортаға салып, ұсыныстарын айтып отыратын.

2005 жылы мен Сенат депутаттығына кандидат болып ұсынылып, үгіт жұмыстарын жүргізгенде маған сенімді өкіл болды, есімнен кетпейтін бір адамгершілігі, Арал ауданында кездесу болатын болып, Қазалы тұсынан өтіп бара жатқанымда үлкен жолға шығып тұрып, менімен бірге Аралға барып, жалғызсырап қаларсың деп, сенімді өкіл ретінде үгіт жұмысын жүргізді, бұндай адал достың ақ ниеті, ақ пейілі қалай ұмытылады.

Мың күн жанған шырағың,

Бір-ақ күнде сөнеді.

От ойнаған көзінде,

Ақының да өледі, -

деп дастандарында өзі жазғандай 2009 жылдың қаңтар айында Рүстем қайтыс болды деген суық хабар жетті. Рүстеммен комсомол жұмысынан бастап бірге келе жатқан бір топ достары – біздер бұл жайсыз хабардан есеңгіреп қалдық, дереу жолға шығып, Рекеңді соңғы сапарға шығарып салдық, мен қоштасу сөзін айттым. Кейін жылдық асы берілгенде де бардым. Кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге болатын үлкен іс-шара болып атап өтілді.

Рүстем бізбен болған шақтарында отбасы туралы үлкен ілтипатпен, жылылықпен, сүйіспеншілікпен айтып отыратын, біз де Қазалыға келгенде отбасына соғып, Күләштың тәтті дәмін тататынбыз, өзінің кітапханасын үлкен мақтанышпен бізге көрсететін, менің бұл өмірімде жинаған байлығым, мал-мүлкім, баға жетпес дүнием осы дейтін. «Арпа ішінде бір бидай» деп сүйікті қызы туралы жазған өлеңін оқитын. Сол оттың басының шырақшысы Рүстемнің махаббат туралы көп өлеңдерінің басты кейіпкері, жан-жары Күләш бұл күнде Рекеңнің әлі де жарық көрмеген шығармаларын жинақтап, қаламдас, үзеңгілес достарының басын қосып, келешекте елге, жас ұрпаққа үлгі болатын еске алу іс-шараларын ұйымдастыруды ойластырып, тынымсыз ізденіс үстінде жүр. Рекеңнің балаларына бақыт, Күләшқа денсаулық, бастаған істеріне сәттілік тілеймін.

2006 жылдың аяғында менің 60 жасқа толған мерейтойыма Рүстем қатысып, өлең арнаған болатын және оны сол тойда нақышына келтіре өзі оқып беріп еді.

Түндерім – шарап,

Бал- күнім!

Бар кейде аз-мұз салдығым,-

деп өлеңінде өзі жазғандай Рүстем серілеу жігіт қой, талай қыздарға өлең арнаған болар, маған арнаған өлеңін басқаға да оқыған шығар, кім біледі, бірақ сол тойда оқылған өлең мен үшін өте қымбат, әлсін-әлсін қайталап қоямын.

1970-74 жылдары Қазалы аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы болған Рүстем Жанаев Ғани Мұратбаевтың лайықты ізбасарларының бірі, дәлірек айтқанда бірегейі еді. Айтулы азаматтарын ардақтай білетін Қазалы ауданында Рүстемді еске алу шаралары жоспарлануда. Қызылорда облыстық «Ұрпақтан ұрпаққа» қоғамдық бірлестігі де осы шараларға үлес қосатын болады. Осындай айтулы жылы Рүстем Жанаевтың атын өзі дүниеге келіп, бар өмірін өткізген, халыққа қызметін көрсеткен туған ауданында мәңгілікке қалдыруға ұсыныс жасаймыз.

Рүстем талантты, шыншыл, намысшыл, әділетті, досқа, еліне адал, ағайынға бауырмал жан еді. Оның жарқын бейнесі біздің жадымыздан ешуақытта өшпейді.

Содан кейін Рекеңнің ең соңғы жазған «Сүйеу болдым» атты жарияланбаған, оны маған Алматыдан Рүстемнің жары Күләш салып жіберген еді.

СҮЙЕУ БОЛДЫМ

Сүйеу болдым.
Байқамай құлағанға.
Басу аттым:
Өксіген,
Жылағанға,
Жол сілтедім,
Жеткенше ақыл бердім.
Қайтсын,
Мейлі қайтпасын сұрағанға.

Сүйеу болған маған да ағаларым,
Ағаларды жалықпай жағаладым.
Кетті бәрі мәңгілік мекеніне,
Енді қайдан оларды таба алармын.

Арқа сүйер таулардың кетті бәрі,
Аласарған жоқ бірақ шоқтығы әлі.
Қыл көпірден,
Дозақта қалтырамай,
Отқа,
Суға,
Құламай өтті бәрі.

Бұл дүниенің қадірін білген шығар,
Есіне алып біздерді жүрген шығар!
Қиял болған пейіштің есігінен,
Сол ағалар именбей кірген шығар.
Мен барғанда о дүниең дүрлігеді.
Дейтіндер көп:
Соншама бұл кім еді?
Күнәсі көп заманда өмір сүрдім,
Дозақ күтіп тұр ма екен,
Кім біледі?

Бұл өмірде кім ұтты,
Ұтылды кім?
Ай қорғалап,
Қанша рет тұтылды күн.
Өз әлімше елім деп өмір сүрдім.
Ал Аллаға болған жоқ күпірлігім.
Ескерілер болсайшы
Бұл тірлігім.

Сонымен қатар Рүстем Жанаевтың Қазалы ауданында атқарған күнделікті, айда, жылда бір тынбайтын көп жұмыстарының ішіндегі басты-бастыларын бөліп көрсеткенді жөн көрдім.

1. 1970-1974 жылдары аудан комсомол ұйымы жетекшісі кезінде күріш егуге 450 жас қыз-жігіттердің келуін ұйымдастыруға басшылық жасады. Күріш егуге жаппай бетбұрыс болды.

2. 1972 жылы Ғани Мұратбаевтың 70 жылдығын республика көлемінде атап өтуге, Ғанидың мемориалдық музейінің жаңаруына тікелей басшылық жасады.

3. 1980-1986 жылдары ауданда дүрліктірген «Барса келмес», «Ақмешіт», «Генерал», «Шаңхай», «Айқай-шу», «Юбилей», «Бомбей» деген жастардың ұйымдасқан жиырмадан астам бұзақы топтарымен тәрбие жұмыстарын жүргізіп, жастар арасында тәртіп орнатты.

4. 1988 жылы Қазалыда Алматыдан кейін тұңғыш «Тамаша» ойын-сауық отауын ұйымдастырып, өзі этюдтерін жазып, өзі режиссер болып, 8 наурыз – әйелдер мерекесінде қойды. Осыдан кейін басқа аудандарда бастау алды. Ал, бірнеше этюдтері республика астанасының «Тамашасында» орындалып жүрді.

5. 1992 жылы көрнекті қоғам қайраткері Елеу Көшербаевтың қолдауымен (сол кездегі Қазалы ауданының басшысы) Жанқожа батыр Нұрмұхамедұлының тарихтан лайықты орын алуы жөніндегі комиссияға басшылық жасады. Қазір Жанқожа батыр кесенесі – қасиетті орнымыз.

6. 1993 жылы 24-25 ақпанда Алматыда Қазалы ауданының күндерін өткізуді тікелей ұйымдастырып, басшылық жасады. Ауданның республикаға таныла түсуіне ықпал етті.

7. 2001 жылы өзі мен балаларының және аудан қамқоршы азаматтарының қаржысына Қазалы қаласында 15 адамға «Қамқорлық» Үйін (панасыз қарттарға арналған) салып берді.

8. Соңғы 8 жылда (1994-2002) ауданда «Құмжиек», «Жанқожа», «Ақтан батыр», «Мұратбаев» ауылдарындағы мешіттердің салынуына, жөнделуіне көлемді көмектер көрсетті. «Мұратбаев» ауылындағы «Қуандық әулие» атындағы мешітті салуға ұйытқы болды.

6. Мұратбаев ауылында жоғары оқу орнында оқитын бір студентке, Мергенбаев атындағы гимназияның бір талантты оқушысына, №8 кәсіптік-мектептің 3 оқушысына өз қаражатынан «Жанқожа баба» атындағы степендия тағайындап, беріп отырды.

10. Облыстық маслихатқа депутат болған кезде аудан өміріне байланысты ірі-ірі мәселелерді шешуге тікелей мұрындық болды. Мұратбаев колхозын бөлініп кетуден сақтап қалды. «Энгельс» совхозындағы №25 мектеп, аудандағы «Шапағат» кемтар балалар бақшасы мен Қазалы қаласындағы «Өрімтал» бала бақшасын сақтап

қалуға тікелей ықпал етті. №5 кәсіптік-техникалық мектепті сақтап қалды.

11. Ауданда шежірешілер мектебін құрды.

12. Аудандағы бірнеше өнер иелерінің творчестволық кештерін ұйымдастырып, елге танымал етті:

-Ақын, мәдениет қайраткері Жетіскен Мәкеналы;

- Өнші Ғалия Оспанова;

- Күйші, мәдениет қайраткері Орақ Баубеков.

13. 1993 жылы Алматыда өткен республикалық Қарақара көрмесіне Қазалы ауданының қатысуын, ұйымдастыру жұмыстарын басқарып қамтамасыз етті.

14. Аудандағы мәдени-шаралар Жанаевсыз өткен емес.

ӨЛЕҢ БОП ӨРІЛГЕН ӨМІР **(Рүстем Жанайдың ақындығы)**

*Жанбершиева Ұлжан Нахатқызы,
филология ғылымдарының кандидаты, профессор,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті*

Құдіретті сөз өнерінің барша қасиеті бойынан табылатын тума талант Рүстем Жанайдың мол мұраларының қымбаты – сөз. Сөз арқылы адам күн жылытпас суық көңілді жылытады, сөз мәңгі жасайды. Ұлттық поэзиямызда өзіндік үлес болып қосылған «Жас керуен», «Мәуелі махаббат», «Бақыт босағасы», «Мезгіл мақамдары», «Бір өзіңе», «Әйелдердің жүрегімен ойнама» атты жыр жинақтары арқылы поэзия деген әлемге енген.

Өмірі өлең боп өрілген, өлеңге деген құштарлық оны үнемі алға жетелеп отырған. Өлең жырға ғашық ақын өлең деп оянып, өлең боп тербелген.

Жүріп келем,
Мен әлі жүріп келем.
Асау жүрек айтарын іріктеген.
Баяндама жазылған папкаларда,
Ұмытылмай жазылып жүріпті өлең [2].

Бір кезде осылай жырлаған ақын жырдан өз еншісін алып, поэзия әлемінің көгінде қалықтайды. Осы төрт жолдық өлеңге тән сұлу сурет, жүрек лебі бар. Ақын соны өлеңмен көркемдей білген.

Сан-салалы қызметте жүрсе де ақын өлең кестесін төгумен болған. Оған дәлел бірінен соң бірі жарық көріп, оқырманын тауып жатқан өлең жинақтары.

Сырлы, сезімді, сұлу тілді ақын өлеңдерінен оны жазған иесінің кім екені айқын аңғарылады. Өлең жарысында өз тұлпарын тауып, сұңқарын көкке самғатқан ақын өлеңдері сыршылдыққа толы. Ой мен көңілдің ажырамас бірлігін беруде ақындық мінездің лабораториясы сияқты.

Рүстем Жанай поэзиясының сипатын жанрлық ерекшелігіне қарай жіктесек: лирикалық өлең, арнаулар, баллада, поэма, топтама (циклдық) өлеңдер сан алуан тақырып аясында өрбиді.

Туған жер, атамекен тақырыбы – ақын шығармашылығының алтын діңгегі. Табиғат, ауыл, дала, егіс алқабы, өзен, теңіз, сағыныш, махаббат, шаттық сезімдерінен туған өлеңдер, жер – атамекен ұғымымен бірлікте жырланған. «Дала сыры» атты өлеңінде:

Аялдап бір күн тұрсаң да,
Даламның сырын біліп тұр.

Жоқ мұнда таулар құрсанған,
Сұлулық бірақ тұнып тұр [2, 127 б.]

Туған жерін өзін қолдаушы күш беруші деп ұққан ақын өз жүрегін, өз жанын туған жермен ажырамас бірлікте жеткізеді. Өлеңде ақындық тапқырлық, сезімтал көңілдің өзіндік үні байқалады.

Академик З. Қабдолов: «Әдебиеттегі тіл көркемдігі мен сөз сұлулығы жасанды жалт-жұлтта, күлді-бадам болуда емес, сөздің табиғилығы мен қарапайымдылығында, нақтылығы мен тазалығында жатады» [1, 271 б.], - деп көрсеткендей, Р. Жанай поэзиясы да табиғи, қарапайым, тазалығымен танылады.

Тілдің көркемдегіш құралдары ауыстырулар теңеу, эпитет, метонимия, метафора, символды адам сезіміне әсер етердей орынды қолданады. Мәселен, «Теңіз суретінде» өлеңінде:

Сонан соң теңіз қарқ-қарқ етіп күледі,
Қуаныштан оянсын деп бұл өңір.
Тулағанда оның алып жүрегі,
Басталады күрес толы бір өмір [2, 12 б.].

Теңіз толқынын жүрек ағысымен салыстырып, ішкі ұйқас құрады. Жансызға жан бітіріп, теңізді қарқ-қарқ күлдіреді. Өлеңде «алып жүрек» - эпитет, яғни теңіздің ерекше сапалық белгілерін айқындап тұр.

Махаббат, сүйіспеншілік тақырыбын, жүрек сезімін жыр жолдарына айналдырған ақын «О, махаббат» өлеңінде риторикалық сұрақ арқылы тыңдаушы көңілін өзіне аударады:

О, махаббат!
Қадіріңді білмесем,
Мен несіне күн кешем?!
Сүйе алмасам шын сұлуды,
Шын сүйөді білмесем?! – дейді [2, 39 б.].
«Құлай сүйе» өлеңінде:
Сол сезімнің кім жеңіпті тылсымын,
Қашан болсын
Айтып жүрген бұл шыным.
Құлақ маған неге керек, тәйірі

Тыңдамасам жүрегімнің дүрсілін [2, 24 б.],– деп махаббат мүддесін дәріптеп жырлайды.

Өлеңде өзіне жарасымды іңкәр көңілін сездіретін әсем өрнектер бар. Жеке адамдарға, тарихи тұлғаларға, қоғам қайраткерлеріне, елге, жерге арналған арнау өлеңдері мол. Арнау өлеңдерінде біріншіден, арнау кейіпкерін нақты суреттейді. Екіншіден, бейтаныс адамның бейнесін көз алдыға әкеледі. Өзіңе рухани серік тапқандай сезінесің.

Біреуге арнайы тіл қатуы сәлем, сын, әділ бата-тілек, өсиет сияқты шешендікке құрылады. «Мұқағалиға», Жарасқан Әбдірашовқа арнап «Керек екен», досы Оңалбек Сәпиевке «Нағыз қазақ», қоғам қайраткері Әубәкір Тыныбаевқа «Текті ұл», белгілі қоғам қайраткері Елеу Көшербаевқа «Нар тұлға», ақын Сейіл Боранбаевқа «Қара өлеңнің қара нары», Қомшабай Сүйенішовке «Бір-ақ адам», жазушы Әбсаттар Оспановқа «Жансебіл», әйгілі суретші Қайырбай Зәкіровке «Бөлек бітім», режиссер Ерғали Оразымбетовке «Тасшайнар» т.с. с. Арнау өлеңдері бауырлары, балаларына арналып, эстетикалық ғибрат берумен, өз күшін таныту мақсатында жазылған Досы О.Сәпиевке арнаған «Нағыз қазақ» арнауында:

Терең ойдың тап болып толғағына,
Көз жүгірттім досымның жолдарына.
Мақтанышым маңғал бас бір қазақтың,
Жаны жақын шын досым болғанына [2, 183 б.], – деп ой түйген.

Арнау да қазақтың зиялы азаматына мінездеме бере отырып, игі істері сөз болған. Өлеңде «терең ой» - эпитет, «маңғал бас бір қазақ» - метонимия арқылы ауыспалы мағыналы сөздермен оның ерекше сапалық белгілерін айқындап тұр. Белгілі қоғам қайраткері Елеу Көшербаевқа арнаған «Нар тұлға» атты арнауында қоғам қайраткерлерінің тұтас бейнесін портреттік пішінге сай суреттеп, оның рухани жеке тұлғасын былайша берген:

Қазақы қара нар сынды,
Маңқиған мығым тұлғасы.
Жасырып жатқан көп сырды,
Қоймасы - ойдың бір басы.
Қаһары қара бұлттай,
Жылуы шуақ сезімдей.
Асылдан қалған сынықтай
Ескінің қалған көзіндей [2, 185 б.], -

деп жеке адамның тұлғасын жасап, үлгілік өнеге берген.

Арнаудың тілі бай, әрі көркем. «Қара нар сынды» - символ, қара күш, ауырды көтеру. «Маңқиған мығым» - эпитет сабырлы, іскер, тиянақты, «қоймасы ойдың – бір басы» - метафора ақылды, ойлы, зерек, «сезімдей сынықтай» - текті қазақ көзіндей, - деп екі құбылысты ұқсастығына қарай жақындатқан. Нақыл боп кеткен нақышпен ой кестелеген, оқырман жадына құйып, жаттап алатындай жатық, ойы өткір, тығыз тізілген.

Суретші Қайырбай Зәкіровке «Бөлек бітім» арнауында:
Бөлек жаны, дидары,

Бөлінбейтін досымыз.
Қайырбайдың тұлғасын
Білеміз бе осы біз?
Сары майдан қыл тартқан,
Қыл қаламның шебері.
Сыр тартпастан сыр тартқан,
Шашынан көп өнері [2, 189 б.].

Өлеңде ақын жолдасының жетістігіне қуана отырып, жеке өзіне тән ақындық сөздермен тамаша шешім жасаған. «Сары майдан қыл тарту», «Қыл қалам шебері» деген тұрақты сөз тіркесі арқылы баламалық мағына, қиыннан қиыстырып, сурет салушы деген ұғымды қысқа түрінде жеткізеді.

Қазір Сыр елінде елге арнаған бата –тілек ретінде әнмен айтылып жүрген «Ақұдайлар» атты арнау өлеңінің тілі нәрлі, ырғағы сазды.

«Ақұдайлар!»
Туған жерде тік тұрған,
Қайсарлықпен сан апатты ықтырған!
«Ақұдайлар!»
Айналайын, сендерден,
Адамдардың ұлылығын ұқтырған! [2, 172 б.].

Ұлтымыздың болмыс-бітіміндегі ұлылықты, ұлттық сананы жаңғырту арқылы дәріптеген бабалар жолын бүгінмен үндестіреді.

Сюжетке құрылған балладалық өлеңдері де бар. Ақынның «Соғыс туралы баллада» өлеңінде соғысқа аттанған жауынгерден өлді деген қаралы қағаз келеді. Әйелі күйеуге шығып кетеді. Жауынгер елге тірі оралады. Жігіт күйін:

Өлді деген жігіт елге оралды,
Мүгедектің бірі боп, -
Кетті жігіт басқа ауылға амалсыз,
Көкірегінде соғыс деген қайғылы ән.
Мың өлікті бір қабірге жерлетіп,
Мың тіріні бір-бірінен айырған [2, 129 б.].

Ақын оқиғалы өлеңде тосын жұмбас сыр араластырып, жан бере жырлаған. Өлеңде жауынгер өмірі мен соғыс зардабы осылай суреттелген. Демек, ақын кейіпкері – көркем мүсінделген жанды тұлға.

Көркем шығарма көлеміне қарамай бейнеленетін толымдылығымен, шынайылығымен бағалануы тиіс. Р. Жанай өлеңдерінде аударатын бір ерекшелік топтама (циклдық) өлеңдер.

«Қазақпыз – ұлы халықпыз» бірнеше топтамадан тұратын өлеңдері.

1. Ұлы дала перзентіміз, бабалар ізімен, мұрагерміз.
2. Қазақ.
3. Егеменбіз.
4. Ең қиыны.
5. Табынарым т.б. «Араб әуендері» 6 топтамадан.

Ақын Р.Жанаев туралы сөзді бұдан әрі соза беруге болады. Бірақ оның ел алдындағы атқарған қызметі, өнерге, өлеңге сіңірген еңбегі, Сырдай арналы таланты, биік азаматтығын туған халқы жақсы біледі.

Адам мен қоғам, адам мен табиғат арасындағы әртүрлі қарым-қатынас сырын терең ой толғаммен аша отырып, қазіргі заманның көкейкесті мәселелерін көтерген оның жырлары еліміздің жүрегінде, ұлттық әдебиетімізден өзіндік орын алуда.

Қорқыт бабамыздың «Өлмейтін өмір кілті - өнерде», - деп өсиет қалдырғанындай, Р.Жанай мұраларын келешек ұрпақ қажетіне жарату – біздің еншімізде.

ӘДЕБИЕТ

1. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Мектеп, 1976.
2. Р. Жанай шығармалары. – Астана: Фолиант, 2007. - 448 б.

РҮСТЕМ ЖАНАЙДЫҢ «ҚАЙЫРТАЛ» ПОВЕСІНДЕГІ ТУҒАН ЖЕР ТЫНЫСЫ

*Ысқақ Айжаһан Мәжінқызы,
Қазақ ССР Халық ағарту ісінің озық қызметкері,
Халықаралық Ұстаздар Одағының мүшесі, ардагер ұстаз
Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті*

*Өткел жанындағы жалғыз
тіршіліктің де өзгенің көзіне
іліне бермейтін өз рахаты
бар екен...
Автордан*

«Көркем сөз-көрікті ойдың көрінісі, құнды сөз – құнарлы ойдан туады», - деген дана халқымыз. Ендеше, зердесіндегі көрікті ойды көркем сөзбен кестелей білген ақиық ақын Рүстем Жанайдың шығармашылық әлеміндегі «Қайыртал» повесін оқи отырып, көзге елеусіздеу ғана көрінетін жұпынылау өткел жанындағы жалғыз қараша үйде тұтас бір ауылдың, елдік пен ерлікке толы туған жердің тынысы соғып тұрғандай әсерде боласың. Шығарманың өзекті мәселелері:

1. Туған жер – қымбат байлық.
2. Экология салған іздер.
3. Ел болашағына азаматтық сенім.

Кейіпкерлері:

1. Тасқынбай-еңбек адамы, Қайыртал тұрғыны.
2. Жәмила-Тасқынбайдың қызы.
3. Данаев – аудандық басшы қызметкер.
4. Шоқытқан (Ибрагим) -жырау.
5. Есен-тракторшы жігіт.

Бұрын дария жиегінде едәуір ел болатын. Қазір осы жерде жалғыз үй қалғандарына да 7-8 жыл өтіпті. Әкесінің соңғы кезде түсі салқын, көңілі селқос.

Өткен жылы да Бірлік совхозы шалғыға ілінер жердің шөбін трактормен келіп бір күнде жусатып еді. Малға жайылым, көзге қуаныш Майсакөлге биыл да шалғы түсті,- деген әкесіне Жәмила аянышпен қарады. Қайтсін енді көз алдында бәрі бірте-бірте жоғалып бара жатқан соң ренжиді-ау.

Жәмила әкесін шынында да қатты аяйтын. Ес білгелі біресе балықтың қарауылы, біресе бір кезде ну болғанымен, бұл кезде әр жерде селдірей бастаған ағаш, бұта атаулының қорықшысы болып, аудан орман шаруашылығы деп ат қойған мекемеден аз-маз айлық алып жүріп жатқан әкесін Жәмиладан артық түсінетін кім бар? Жап-

жас боп жалғыз үй тірлікке көніп, жанындай жақсы көретін әкеге сүйеу болып жүргені де сонан болар.

Повестің кейіпкерлері Тасқынбай мен оның қызы Жамилаға туған жері қымбат. Дария суы тартылып, тіршілік қиындаса да олар Қайырталдан көшпейді. Жайлы жер, жан тыныштығын іздемейді. Өйткені оларға туған жері, елсіз қалса да Қайырталдың әрбір бұтасы ерекше қымбат. Повестің тілі жеңіл, оқырманға үлкен өнегелік мәні бар экологиялық тақырыпқа жазылған шығарма деп бағалаймын.

Аумағы 5-6 гектардай жерді алып жатқан осы бір аралды Қайыртал деп атайтын. Олай аталу себебі, сірә, онда қалың Қайырталдың өскендігінен болу керек. Ертеректе дария осы аралдың екі жағын орап аққан болса, қазір бергі жағы әбден кеуіп, жағамен жалғасып кеткен. Кепкен арнада әдемі аппақ қиыршық құм бар. Жәмила кішкентай кезінде өзіндей қыздармен талай ойнаған. Күнде көріп жүрсе де, Қайыртал бұған ыстық көрінеді. Әкесі де, «Қайырталдың» бір бұтағы ретсіз сынса әбден мазасызданып жүретін. Бұл жерде жер тарихы да бар. Қарлан, Майсакөл, Қайыртал елді мекендердің болғанын, дариядан көліктерді өткізетін моторлы паромның болғандығы туралы оқушы қауым шығарма арқылы танысады.

Повесте боямасыз қазақы тіршілік шынайы суреттелген. Өнерді құрметтеу, өнер адамын сыйлау – әкеден балаға мирас құбылыс екені, қазақы дархандылық, дариядай кеңпейілділік Тасқынбай мен қызы Жәмиланың Шоқытқан (Ибрагим) жырауды дастарқан жайып, мал сойып қонақ етіп, жырын тындауынан білінеді.

Шоқытқан жайлы Жәмилаға әкесі айтқан естеліктен елдік пен ерлікті кеудесіне сыйғызып ұрпағына сыйлаған қайран бабам неткен көреген, неткен қасиетті ең дегің келеді.

Жыраудың арғы тегі қырғыз көрінеді. Ертеректе өз елінен әлдебір себептермен шығысып кеткен Көпекі, Шырдай деген ағайынды екі қырғыз жігіті осы Сырдың төменгі жағындағы диқаншылықпен айналысатын құрманайларға сіңіп кетіпті дейді. Сол рудан қыз алып, әбден араласқан соң, балаларына нағашыларынан жиен сыбағаға арық қаздырып алып, кейін өсіп-өркендеп кеткен көрінеді. Күріш егетін Диқан колхозында әліге дейін «Қырғыз арық», «Құрманай арық» деген екі арық қатар ағып жатыр дейтін әкесі. Жыраудың шын аты Ибрагим екен. Шабыттанғанда жырды жарамды жүйріктің шоқытқанындай арқалана, түйдектете бір орнында отыра алмай жорғалауынан Шоқытқан атанған.

Қайбір жылы дарияда қасық су болмай, ел күйзелген шағын көріп, үлкен суға деген үлкен сағынышынан туған жыр еді - «Дарқан дария». Иә, елім деп емірене сүйген елдік көрсеткен халқына егіле төгілген жыры еді бұл.

Жырау төл туындысы «Дархан дарияны» тартқанда пейішке бергісіз сыр мен судың ерлікке толы тарихы, ғаламат өлке көз алдына келеді. Кенет жайқалған құрақ дыбыссыз, құстар үні естілмей, билеген Қайырталдар қозғалмай қалды. «Үлкен су арнасын қайда бұрған. Аралдай алыптың таңдайы кепті ғой. Ойланшы, ұрпақ, ойлан!» деп жырды үзгенде, тыңдаушылар сілтідей тына қалды, - деп суреттейді жазушы.

Жырауға ере келген қонақтың бірі Төлеутай соғыстан бұрын Қарланның жоғарғы жағына бақша еккенін, адам әрең көтеретін қауын, қарбыздан колхоздың мол ақша, табысқа кенелгенін айтса, жер жыршысы Тасқынбай:

– Осы жерде әкем де, әкемнің әкесі де қоныс тепкен. Кезінде адам баласы білмейді екен, бар байлық суда екен ғой. Тіпті кешегі соғыс кезінде де дария жиегіндегі Кішкененің алты баласы да, жалпақ Жақайым да қатты ашығып-тарығып көрген жоқ. Қысы-жазы балығын аулап, жазда егінін екті. Қайран Сырдың суы қанша мың халықты асырады ғой, жарықтық. Жас кезімізде Қарланның үстінен ел арылып па еді, енді міне жалғыз үй қалып, құлағым бітіп отырғаны. Сырдарияның сарнаған қуатты ағысы менің де қуатымды қосып алып кеткендей, буын-буынымда жан жоқ,-деп мұңаяды.

Әңгіме барысында қариялар дарияны басқа республикалар жоғарыдан байлап, көл жасап егіске, мақтаға пайдаланса, өз елімізде де әр жерден буып күріш егуге пайдаланғандарын естеріне алып, ысырап қылғандарына, Аралға су жетпей қалғанына налығандарын білдіріп жатты. Бірақ жоғарғы жақтағыларға да, ғалымдарға да белгілі болғанын, Арал тағдыры толғандырып жатқанын көңілдеріне медеу тұтып, түбі қайырлы болар десті.

Қолда бар байлықты ысырап етпей, келер күнге жеткізу бұл да бір өмірлік сабақ шығар, бәлкім.

Соңғы жылдары неге екенін кім білсін, Қайырталда қырғауылдың құрып кеткеніне әкесі әрі ренжіп, әрі таңданып жүретін. Өткен күзде Қайырталды дүр сілкіндіргендей қырғауылдың оралуы Жәмилаға жақсы бір өмір әкелгендей әсер еткен еді. Әкесі мен Жәмиланың көңіл күйін бұзған оқиға жексенбі күні болған-ды. Лезде Қайыртал жақтан шыққан мылтық дауысынан шошынған Жәмила дереу паромның жібін қазыққа байлай сап, Қайырталға қарай жүгірді. Өлдекімдерге ызаланып:

– Неғылған тас жүрексіңдер, неге атасындар қырғауылды – деп, бейтаныс кісі қолындағы қырғауылға қарап көзінің жасы төгіліп еді. Ақыры сөзбен жеңе алмай жылаған күйі үйіне келген сәтте әкесі де аттан түсіп жатқан екен. Жәмиланың жылаған себебін білген бойда оқтаулы мылтығын алып, атқа қонды. Тура шауып, дастарқан басына жайланып алған, серуен құрушыларға мылтық кезеніп жетіп барды. Жәмила: -Атпа! – деп айтып үлгергенше, мылтық дауысы екі рет гүрс

етті. Әйелдердің шыңғырған ащы дауысы құлақ жарды. Жәмиланың құлағы бітіп қалды. Әрең есін жиған Жәмила адамдардың отырған орнында жоқ болғанын, мылтық аспанға атылғанын сезді.

Ертеңіне жүк машинасымен милиция формасын киген екі жігіт:

– Кеше бастыққа оқ атыпсыз, Алматыдан келген қонақтарды қорқытыпсыз, үстіңізден іс қозғаймыз,-деп Тасқынбайды аудан орталығына алып кетті. Әкесі өзімен бірге ере келген Жәмилаға: - Аупарткомда бірінші хатшы Данаев деген бар, болған оқиғаны айт. Әкеңнің коммунист екенін, өзінен әділдік күтетінімді қорықпай айт. Жақсы адам,-деді.

Айтқанындай мәселені оң шешкен Данаев: -Әкеңді де жақсы білем. Бар өмірін осы ауданның байлығын қорғауға арнаған коммунист. Тәкең – туған жердің әрбір бұтасы мен құсына, күллі тірлігіне жаны ашитын адам ғой. Әкеңнің ондай мінезі үшін рахмет айтуға болар, - деп әкесін босаттырып, екеуін машинамен үйіне апарғызып салған болатын. «Қандай жақсы адам еді» деп Данаевтың ісіне Жәмила риза болған еді.

Дария суының тартылуы, елген төнген экологиялық апат сол кездегі аудандық басшы қызметкер Данаевты (жазушы Рүстем Жанайды) бей-жай қалдырған жоқ. Алғашында дарияда балықшы, кейін Қайырталда орман күзетшісі болған, сол жерді жеміс бағына айналдырған қарапайым еңбек адамы Тасқынбайдың тіршілігіне алаңдайды. Туған жер болашағын ойлаған аудан басшысы Данаев Тасқынбайды босқа шақырмаған екен. Осы Қайырталдың маңайынан қорық ұйымдастырсақ деген ой бар, жоғарыға мәселе қойып жатырмыз. Сол жердің табиғаты да бөтен тірлігі де қорық жасауға келеді. Кейбір жерін насос құрып сонымен суландырамыз. Қолдан балық, оңдатр өсіруді қолға аламыз. Қарт коммунист қорықшы Тасқынбаймен ақылдасқысы келген екен. Несін айтасың, Қарланға бақ қайта қонғалы тұр. «Ескі бағынды да қалпына келтір, су жеткізіп береміз», - депті. Бұрын қателесіп ойлап жүр екен кәрі Тасқынбай ұмыт қалдық деп. Ұмытпайтын адамдар бар екен. «Жәмиланы оқыт, су маманы болсын. Әлі өмір болса Сырдария да жоғалтқан бейнесін қайта табады. Оны біз шешпесек, Жәмилалар шешеді», - деп сенім артқан басшы.

Повесте дариядағы Қарланнан пароммен мотор арқылы көлік өткізуші Тасқынбайқызы Жәмила шешесінен айрылған, әке тәрбиесі ширатқан қарапайым, еңбекқор жан. Жәмилаға да Қайырталдың әрбір бұтасы қымбат. Есенмен арадағы махаббатының сәтсіз аяқталғаны да осы бір мекен, қасиетті қоныс Қайырталда әкесі Тасқынбайдың тұрғын ғана емес, сол жердің қазығы боп қадалғандығында шығар, бәлкім. Автор Есен мен Жәмила арасындағы ғашықтық сезімді де шынайы бейнеленген.

Есен. «Жәмила, сені сағынған сайын сенің өміріңе таң қалам. Көп мінездеріңе түсінбеймін. Ең таң қалатыным – сенің жалғыз үйде ішің пыспай қалай өмір сүретінің. Мен болсам бір күн тұра алмас ем олай. Өзің-ақ айтшы, не бар сол жерде? Дарияның түбіндегі жылап аққан суға несіне қызығасың осы. Аман-сау болсам, барған бойында үйленеміз. Бірлікке көшіп келесің. Әкең біздің қолымызда болады. Үйленген соң совхоздың бульдозерін сұрап алып, ана жар қабақта тұрған сіздің үйді дарияға итеріп тастаймын. Бірліктен үй тұрғызып аламыз. Солай, Жәмила!»

Жәмила. (Есеннің хатын оқып болып) Бірлікке көшкені қалай? Әкем «Сүйегім осы жерден шығады» деп жүр. Онымен шаруасы жоқ. «Қайырталды» қалай тастап кетермін. Дария түбінде жылап аққан суға несіне қызығасың деуін қара. Осы жердегі бір тамшы су, бір тал бұта маған туған бауырымдай ыстық екенін сезбегені ме? Біз көшіп кетсек ана Қайырталды әп-сәтте жайратып жоқ қылар-ау жұрт. Мал қораларына белдеу қылады да қояды. Соны да білмегені ме? Көшіріп аламын дегені несі?!

Повесте аудандық басшы қызметте жүрген Данаевтың халыққа жасаған жақсылығы, аудан өмірі, оның болашағына бейжай қарамағанын көреміз.

-Қайран, дария-ай!,-дейді Данаев дарияға қарап. Содан соң Жәмиладан: -Оқуынды не қылдың?-деп сұрады. Жәмила үндеген жоқ.

- Гидроинститутқа сырттай оқуға түс. Жолдама бергізейін. Оқымай қалуға болмайды. Түбі судың проблемасын сендер шешесіңдер, айналайын! – дейді. Бұл біріншіден жастар болашағына сенім, туған жердің болашағын шешу сендердің қолдарыңда деген ұғымды білдіретін үлкен азаматтық, екіншіден туған жер болашағына ойлы көзбен қарау, қажетіне жарау керектігін әрбір жастың ұғына білуін көрсетеді.

Күллі өмірдегі сияқты Қайырталдың қасындағы жалғыз үйде де өзіне тән тіршілік жалғасып, өзгерістер болып жатты.

Әр күн сайын күн шыға торы атты тебініп Тасқынбай қарт дария жағалап тал-бұтаның амандығын тілеп кетеді. Бар мақсаты-сәтін салып қорық ашылса, осы жердің бір бұтағын сындырмай өткізсем дейді.

Жәмила сырттай оқуға түсіп қайтқан, көктемге паромды дайындап жүр.

Қайырталға бұрынғыдан да гөрі бауыр басып алды. Жәмила барса болды:

– Амансың ба, жан досым, қамқоршым,-деп әр бұтақ, әр бүршік сөйлеп қоя беретін секілді.

– Армысың, Қайырталым!, - дейді Жәмила да.

Ия, бұл Қайырталдан айыру өзін бар бақыттан айырумен тең елін сүйген перзенттің жүрек үні еді.

Рүстем Жанайдың «Қайыртал» повесі «Теңіздік тартылуы, таудың мүжілуі, өсімдіктің өлуі, жан-жануарлардың жоғалуы-сөз жоқ экологиялық апат, бірақ ол-адам рухының бұзылуының, рухани экологияның жанында түк емес секілді көрінеді маған»,-деп жазушының өзі айтқандай, адам мен табиғат арасындағы әр түрлі қарым-қатынас сырын терең ой-толғамдарымен аша отырып, қазіргі заманның көкейтесті мәселелерін көтере білген, туған жердің елдік пен ерлікке толы тынысын бейнелеген шығарма деп бағалауға болады.

Р. ЖАНАЙДЫҢ «ЖАНҚОЖА БАТЫР» ПЬЕСАСЫНДАҒЫ ӨМІР ШЫНДЫҒЫ ЖӘНЕ КӨРКЕМДІК ШЕШІМ

*Нұрмаханов Нұрлан Көбегенұлы,
филология ғылымдарының кандидаты,
«Болашақ» университетінің аға оқытушысы,
«Әлімсақ» журналының редакторы*

Сыр өңірі қаламгерлерінің ішінде Рүстем Жанайдың шығармаларының бояуы ерекше, әрбір туындысының түйіні ойландырады, кейіпкерлерінің характері бар. Қай тақырып болсын, сезінбей оқи алмайсың. Шығармашылығы өте бай ол – прозаға да, поэзияға да, драматургияға да қалам сілтеген қарымды қаламгер. Ол лағыл сезімнің тұнығын лайламай, талай жүректі жаулай алған сыршыл лирик. Ол туған жерін қызғыштай қорғай алатын жүректі азамат.

Елдікті ерте таныппыз,
Әруақтан бата алыпмыз.
Бәтуа-бірлік байрағын
Биікке тіккен халықпыз.

Бабалар солай салыпты із,
Мұрагер болып қалыппыз.
Кеуденді көтер, ағайын,
Қазақпыз, ұлы халықпыз!-деп, кеудесін көкке көтеріп, мақтана алған, өткенін бағалай алған арынды ақын.

Ол сонысымен биік, сонысымен қадірлі. Рүстем Жанайдың поэзиясы, прозасы бір бөлек болса, драматургияға барған қадамы өзінше басқа. Ол көп қаламгердің тісі бата бермейтін тарихи тақырыпқа, әруағынан сескенетін тарихи тұлға, ұлт-азаттық көтерілістің басшысы Жанқожа батырдың көркемдік тұрғыда характерін ашуда драма жанрына батыл түрде барды.

Рас, Жанқожа батыр бастаған көтеріліс халық санасында қаншама өлең-жырлардың өзегіне айналды. Жанқожа батыр жайында жазылған оннан аса тарихи өлең-жырлар мен дастандар бар. Айтар болсақ, олардың авторлары – Мысабай жырау, Төремұрат жырау, Лұқпан Кенжеев, Жөкей Шаңғытбаев, Қарман Сұлтанұлы, Нұрсұлтан Жұбатұлы, Ибраһым Тілеуұлы, Орнықбай Сұлтанов, Шоңбай ақын. Жанқожа батыр туралы әрбір шығарманың өз айтары бар. Бәрінің идеясы – Жанқожаның ерлігін жырлау арқылы батырдың тұлғасын сомдау. Бұлар поэзиялық туындылар. Жанқожа батыр туралы прозалық шығармалар қатарында Зейнолла Шүкіровтің «Сыр бойы» романының шоқтығы биік. Ал, батыр туралы драматургиялық

шығармалар жоқ еді. Осы олқылықтың орнын толтыру үшін сырбойылық қаламгерлер қарап қалмады. Мәселен, Молдахмет Қаназ «Жанқожа» атты үш актілі тарихи драмасында Жанқожаның бейнесін ашуға тырысқан. Содан кейін бұл күрделі тақырыпқа қалам тартқан – Рүстем Жанай.

Өткен ғасыр басында туған Жанқожа туралы жырлардың тарихилығы батыр өмір сүрген қоғамның бет-бейнесін ашып көрсететін, сол заман оқиғалары мен тұлғаларының образын көз алдына әкелетін тарихи шындыққа құрылғанын негіздейді. Тарихи оқиғаларға байланысты дүниеге келген шығармалар тарихи дерекке арқа сүйейді. Ал, тарихи деректің өмір шындығынан туындайтыны белгілі. Осы тұста тарихи жырлардың мазмұны мен ерекшелігін айқындайтын өмір шындығы басты рөл атқарады. Жанқожа жайындағы өлеңдер мен дастандардың тарихилығы да сонда, шындықпен астасады, яки Жанқожаның ерлігін насихаттайтын жырлар да өмірдің өзінен шынайы өрілген. Жорықтас Төремұрат жыраудың оқиғаның қақ ортасында жүріп, артына тарихи өлеңдер қалдыруы, заманында Мұсабай жыраудың «Жанқожа батырдың толғауын» жарыққа шығаруы өмір шындығынан алшақтамайды.

Қайбір қаламгер тарихи тұлғаны танып, жазу үшін ол туралы тарихи деректермен қанық болу тиіс. Рүстем Жанайдың өзге қаламгерлерден ерекшелігі, әрбір жазатын дүниеге жауапкершілікпен қарауында, түйсінуінде. Жанқожа батыр өмір сүрген қоғамды бойына сіңіріп, батыр туралы дерекпен қанығып барып жазуға отыруы оның тақырыпқа жауапкершілікпен қарап, терең меңгергендігін байқатады. «Жанқожа батыр» пьесасында суреттелген шындық – халық өмірінің шындығы.

XIX ғасырдың бірінші жарты жылдығындағы қазақ топырағында орын алған қоғамдық-саяси, қоғамдық-әлеуметтік тартыстар мен қайшылықтар пьесада шынайы әрі көркем бейнеленген. Басты кейіпкер Жанқожаның бейнесін ашу үшін пьесаның негізгі тақырыбы аясында суреттелген ірі оқиғаларды алға шығарған. Біріншіден, Қоқан хандығының отаршылдық әрекеті, екіншіден, патша өкіметінің қазақ жеріндегі отаршыл саясаты, үшіншіден, ел тәуелсіздігі жолындағы ерлігі.

Осы оқиғалар тізбегінде қазақ батырларының бірлігі, басты қаһарманның ұстанымы өмір шындығы құбылыстарымен астастыра отырып, автордың берер бағасы айқындалған.

Ақын Рүстем Жанайдың «Жанқожа батыр» пьесасы екі бөлімнен, бес көріністен тұрады. Батырдың Бабажан сартпен, патшалық Ресеймен және Кенесарымен байланысы мен ұстанымы суреттеледі. Жанқожа батыр, Ақтан батыр, Төремұрат жырау, Кенесары хан, Наурызбай, Жауқашар, Бабажан сарт, Майқара бек,

Раманкұл, Таған, Қызылбас палуан, Дәрменкұл ишан, жесір ана, Елші – пьесада көрінетін қаһармандар.

Пьесаның жанрлық ерекшеліктерін талдар болсақ, бірінші кезекте саяси-әлеуметтік қайшылықтарға толы, көтерілістер орын алған бір дәуірдің шындығы көркем жинақталғанын, бас кейіпкерлердің тұтас бірлікте суреттелгенін байқауға болады. Екінші сипаты пьесада қазақ қоғамын билеп-төстеген күштердің бір-бірімен күресі бейнеленген.

Пьесаның бас кейіпкері, бар өмірін халқының амандығына, елінің тәуелсіздігіне арнаған қазақ батыры, ұлт-азаттық көтерілісінің басшысы Жанқожа Нұрмұхаммедұлы. Пьесада Жанқожа батырдың ел бостандығы жолындағы ерлігі қамтылады. Тарихи деректер негізінде жазылған пьесада бейнеленген басты оқиғалар – Бабажан бектің камалына Ақтан батырдың бұзып-жарып кіруі, Жанқожаның Бабажан мен баласы Майқараны тұтқындауы ерекше сипатталады.

«Әу, әлеумет! Көрдің бе, ана пәк сәбиді. Қорыққаннан есі ауысқан. Қарындастың қайғысы қара қарынның қамы емес, елдің ары, азаматтың ары!» –деп, Жанқожа елдің алдында үкім шығартып, ұлтты көгертетін, көбейтетін қазақтың қыздарына зорлық көрсеткені үшін Бабажанға қазық қағып өлтіруі арқылы Жанқожаны ұлттың ар-ұятын тереңнен ойлайтын қаһарман дәрежесіне көтереді.

Екінші жағынан, жесір ана арқылы Бабажанның баласы Майқараның жастығын алға тартып, басына бостандық беруі Жанқожаны парасатты, қайырымды, халықтың өз ортасынан шыққан, көптің жайын білетін дана батыр ретінде танытады.

Мұның бәрі – өмір шындығы нәтижесі әрі ақынның Жанқожа батырға өз пьесасы арқылы берген бағасы – көркемдік шешімі.

Пьесаның үшінші көрінісінде Р.Жанай өз кейіпкерін орыс елшісінің алдында жоғары көрсетіп, халқына адал екенін бейнелейді:

«Елші мырза, айта барыңыз, мен шен-шекпеннің пендесі емеспін. Маған жасаған ең басты сыйы мырзаның жаныма, еліме, жеріме тиыштық берсін! Оқалы шекпенге, опасыз ақшаға сатылатын адам іздесе, мырзаң бұл жерден емес, басқа жерден іздесін.

Ерепей мырзаға айта барыңыз, Жанқожа бір қап шөпке, бір тойған асқа сатылмайды. Мен даламда өскен құмаршақтың дәнінен талқан жасатып, ақ түйенің сүтімен сусындаймын. Оларда кісінің көз жасы жоқ. Мырзаға сәлем айт: кісінің көз жасына қалатын болса, елімнің бір баласын жылатар болса, қолым жағасында болар. Тағы да айтыңыз, мен әділдікті, адалдықты, тазалықты ұнатам» дейді батыр.

Жанқожа қайсарлығында, батылдығында автордың өз мінезі бар, өз қайраты бар. Р. Жанай батыр өмір сүрген қоғамның әр қалтарысын қалт жібермей, тарихи оқиғалармен ұштастыра баяндап, драма жанрына сай тартысқа бейімдеген.

Пьесаның төртінші, бесінші көрінісі Жанқожа батыр мен Кенесары хан арасында өрбиді. Бұл оқиғалар тарихи жырларда да кездеседі. Тарихи жырлардың ішінде Лұқпан Кенжеевтің жырына Рахманқұл Бердібаев: “Жанқожаның Қоқанның қаласы — Созақтағы әскермен соғысының суреттелу тәсілі эпикалық дәстүрде берілген. Жырдан сол дәуірдегі қазақ елінің азаттығы үшін күрестің жалпы прогресшіл бағдарын аңғаруға болады. Дұшпан жақтың батырларын Жанқожа жекпе-жекте жеңіп отырады. Ол халық арманын орындауға туған айрықша қаһарман болып көрінген. Сөйтіп оның бейнесі эпикалық идеалдандыру жолымен жасалған. Тарихи нақты мағлұматқа құрылып, негізінде эпос үлгісінде жырланған Жанқожа бейнесі әсерлі. Жырлаушы Кенжеев Лұқман оның азаттық күресінде атқарған қызметінің жалпы келбетін ірі жинақтай алған”, - деп, жоғары баға береді.

Созақ соғысында Жанқожаның қимылы сәтті болып, жеңіс сыйлады. Сонда тұтқынға түскен Созақ билеушісінің әйелі Шынар сұлуды әйелдікке алуға батырлар таласып жатқанда, Кенесары шешімін Жанқожадан сұрайды. Сонда батыр:

- Кене хан! Батырлар! Бүгінгідей жауымызды жығып, мейманамыз асқан күні көз жасын көргім келмейтін жастамын. Аққудың баласындай қолға түсіп кіріптар болған пендені көкпардай тартқыласақ, бізде қасиет қала ма? Әйелдің тегі ана емес пе, ал ананың көз жасына қалу күнәнің күнәсі. Ендеше батырлар, әйелдің жүрегі сезімтал, көзі көреген, сезімі сергек болса керек,- деп, Шынардың өз қалауына қалдырады. Өз кейіпкерінің көркемдік тұлғасын жоғары сипаттауда автор батырдың шешімі арқылы оны жоғары деңгейге көтереді.

Өмір шындығын тарихи шындықпен жымдастыра отырып, көркем дүние жасау – тарихи шығармаға тән. Тарихи шындық – өмір шындығының тарихи тақырыпқа арналған шығармадағы көркемдік көрінісі. Тарихи шындыққа қоғамдық өмірдегі нақтылы құбылыстар, болған оқиғалар, өмір сүрген тұлғалар арқау болады. Ал, көркемдік шындықтың өзі өмір шындығынан туындайды, өмір шындығының қаламгердің ой-елегінен, шығармашылық қорытуынан өтіп, көркем суретке айналған қалпы. Басқаша айтқанда, өмір шындығын толғап, түйсіну арқылы ақындардың түйген түйіні – көркемдік шешімі арқылы тарихи шығармалар әдеби тұрғыда бағаланады. Бұл жағына келгенде «Жанқожа батыр» пьесасы – өмірлік шындық пен көркемдік шындық тұтастығындағы көркемдік ойлау поэтикасының күрделі сипатын таныта алатын туынды.

Сөз соңын артына өлмейтін туындылар: прозалық, поэзиялық, драмалық шығармалар қалдырған Рүстем Жанайдың досы, ҚР Суретшілер одағының мүшесі, Қазақстан Республикасына еңбегі

сінген өнер қайраткері Қайырбай Зәкірұлының бір шумақ өлеңімен қорытындылаймын:

Нұры жалған арайдың...
Елестейін өте шығып талай күн.
Жалғаншыны қия алмай-ақ тұрғандай,
Қалғып-мүлгіп,
Қыр басында қарайдың...
Сөз патшасы -
Өлең қалған артында,
Мен өзінді өлмедіге санаймын.

ӘДЕБИЕТ

1. Шәлекенов У., Шәлекенов М. XIX ғасырдың бірінші жартысындағы Сыр қазақтарының азаттық күресі // Қазақстан мектебі. – 1993. - №2. - 3, 36 б.
2. Садырбаев С. Халық әдебиетінің тарихи негіздері. – Алматы. 1992. – 41 б.
3. Ахмедов Ғ. Көркемдік шындық және тарихи тұлға // Жұлдыз. – 1990. – №7. – 171–174 бб.
4. Жанай Р. Сағынып кеттім мен сені. – Қызылорда: Тұмар, 2004. - 152 б.
5. Жанай Р. Жанайқай. – Қызылорда: Тұмар, 2004. – 160 б.

РҮСТЕМ ЖАНАЙ ПОЭМАЛАРЫНДАҒЫ ФОЛЬКЛОРЛЫҚ МОТИВТЕР

*Тайманова Сара Тамшыбайқызы,
«Болашақ» университетінің доценті,
филология ғылымдарының кандидаты*

Қазақ әдебиетінде мазмұны мен көркемдігі, кейіпкерлері мен сюжеттік құрылымы жағынан дәстүрлі ұлттық эпостан бөлек, ерекше болып келетін және сан жағынан да үлкен бір топ құрайтын шығармалар бар. Олардың атауы – дастандар. Әдетте дастандарды шығыстан келген дүниелер деп есептеп келді. Солай екені де рас, алайда бұл жағдайды тек бір елдің екіншіге әсері ғана деп түсінуге болмайды. Біріншіден, қазақ халқы ешқашан томаға тұйық өмір кешкен емес. Ол да шығыс халықтарының бірі ретінде, тіпті солардың біразымен туыстас болғандықтан да, бүкіл шығыс мәдениетіне ортақтас мұрагер, сол мәдениетті жасаушылардың бірі. Демек, «шығыстың әсері» деген сөз шартты түрде айтылған ұғым. Екіншіден, кейінгі замандарда бөлектеніп кеткен шығыс халықтары әр түрлі саяси, мәдени, қоғамдық жағдайда болды да, олардың әдебиеті мен фольклоры өзіндік сипат алды. Міне, осы тұста қазақ мәдениеті шығыстың көне заманғы және орта ғасырдағы мәдениетінен басқаша түрде дамыды. Ал жаңа заманда қазақ халқы өзінің төл мәдениетімен қатар шығыстың фольклоры мен әдебиетін де жатсынған жоқ, кәдесіне жаратты. Мұны сол кездегі қазақ қоғамының болмысы мен рухани сұранысы қажет еткен еді.

Дастан – көптеген Шығыс пен Оңтүстік Азия елдеріне ортақ фольклорлық әрі әдеби жанр. Кейбір елдердің, айталық, Иран, Үнді, Пәкістан, Орта Азия мен Кавказ жұртының ерте замандардағы фольклорында, сондай-ақ орта ғасырлардағы классикалық әдебиетінде дастан мен қаһармандық және ғашықтық мазмұндағы ірі шығармаларды, тіпті, Фердаусидің «Шаһнамасындағы» жекелеген көлемді бөлімдерін де атаған. Сонымен бірге дастанға ауызша туып, ауызша тараған эпикалық туындыларды да және «Сейпілмәлік» тектес ғажайып сипаттағы шығармаларды да жатқызған.

Қазақ даласына дастан ерте кезде-ақ, сонау Дешті Қыпшақ заманында, парсы әдебиеті мен фольклорының үлгілерімен бірге келген деп саналады. Парсы дастаны көп жағдайда тек қана қара сөз немесе өлең түрінде баяндалған. Ал қазақ дастаны негізінен жыр үлгісінде, ішінара қара сөз араласқан түрде, міндетті түрде әндете, домбыраның сүйемелдеуімен орындалған. ХІХ ғасырдың соңында жарық көрген дастандарды ел арасындағы сауатты адамдар домбырасыз, бірақ әуенмен оқитын болған. Бұл машық ХХ ғасырдың екінші жартысына дейін жалғасты. Ол қазіргі қаламгер

шығармашылығында жалғасын тапты. Олар ежелден келе жатқан дәстүрді өзінше жетілдіріп, оны өзінше жаңғыртты. Солардың бірі Рүстем Жанай деп түсінуге болады. Оған ақынның «Дәулет батыр» дастанын жатқызуға болады. Бұл дастанды автор Дәулетті спорт жолына әкелген әкесі Болат пен қазақ халқына батыр ұл сыйлаған Батыр - Ана Мәрзияға арнайды. «Бастау» кіріспесінен бастап «Дәулеттің дүниеге келуі», «Дәулеттің оқуға аттануы», «Дәулеттің махаббатын іздеуі», «Варнадағы жеңіліс. Болаттың ашуы», «Ұлы той», «Болаттың қазасы», «Сеулдегі белдесу», «Мұражайдағы тарих. Гүлнардың махаббаты», «Дәулет батырдың АҚШ-та қазақтармен кездесуі», «Кейіпкерлерді мадақтау» деген тараулардан тұрады.

Дастан өзінің көркемдігі мен бейнелілігі жағынан да жазба әдебиетке жақын. Бұларда кейіпкерлерді суреттеу, оларға мінездеме беру, кей-кейде кейіпкерлердің ішкі сезімдерін көрсету бар және олар біршама әдебиленіп, көркемделіп баяндалады. Көбінесе бас қаһарманды, оның ата-анасын, шыққан тегін, мекен-тұрағын нақтылап айтуға көңіл бөлінеді. Бұл дастандардың құрылымдары да, тілі де, көркемдік-бейнелеу құралдары да дәстүрлі фольклордікінен гөрі ерекшеленіп тұрады. Мәселен, ежелден келе жатқан эпостық жырлардағыдай 7-8 жыр өлең үлгісімен баяндалады. Мысалы:

Он ай жатып ойландым,
Тоғыз ай жатып толғандым.
Ойландым да ой таптым
Жасымнан ойға жақын ем
Жүйрік еді қаламым,
Жүйрікті қолға аламын
Шекесін шертіп сананың,
Дабылын қағып даланың
Ашылып жырға араным
Ұйқы көрмей түнімде
Күлкі көрмей күнімде
Шабыт деген бір тентек
Алып кетіп барады,-деп басталады.

Одан әрі ақынды алға жетелейтін: жарық, ой, жыр, елдің салт-дәстүрі, Алпамыс пен Қобыланды, Қабанбай мен Бөгенбай, Райымбек, Жанқожадай батырлар. Осы халықтық жолмен бүгінгі күні Дәулет батыр келеді. Бұл – ұрпақ жалғастығы.

Автор бірінші тарауда осындай текті тұлғаның тегін танытуға ұмтылады. Абай мен Шәкәрімнің туған жері қасиетті Семей өңірінің тумасы Болат пен Мәрзияның перзенті Дәулеттің дүниеге келуін:

–Тапсаң, құдай бергені
Тауда өсетін арқарды.

Татып жесем етінен
Жерігім бір тарқар-ды, - деген Мәрзияның сөзінен кейін Болат күндіз-түні тау кезіп, әбден шаршап-шалдыққан кезде:
Ақыры аңға кез келді
Мылтығына сөз берді
Зуылдаған жалғыз оқ
Арқарынды құлатты,
Тұрмастай қып сұлатты.
Таудан арқар атқан соң,
Мен шаршадым демеді.
Мәрзияға жеткенше,
Құстай ұшып келеді.
Мәрзияға жетеді.
Жерігінді таптым деп,
Құшағына алады.

Автор осылай кейіпкердің батырлық тұлғасын танытуда фольклорлық дәстүрді қолданған. Бұл үзіндіден батырлар жыры мен ертегілердегі жолбарыстың жүрегіне, аюдың етіне т.б. жерік болған аналар есімізге оралады. Одан әрі Рүстем ақын дастан сюжетін баяндауда фольклорлық, жыраулық дәстүрді шығармашылықпен дамытқан.

Диалог – жазушының ұтымды бейнелеу құралы. Белгілі ғалым Р. Бердібаев: «Диалог образды дамытушы, толыстырушы болуға тиіс» [1, 125 б.], - дейді. Қаһармандардың сөйлесуі арқылы да Рүстем Жанай Дәулеттің ата-анасының образын ашады. Қысқа, келте қайрылған диалогтар арқылы кейіпкердің тіршіліктегі кемшіліктерін, қателіктерін, жетістіктерін баяндайды. Кейіпкерлер әңгімесі ғана емес, авторлық ремарканың өзі де осыны дәлелдей түседі. Мысал ретінде Дәулетті спорт мектебіне алып келердегі Болат пен Мәрзияның, Елбасы мен Дәулеттің диалогын алуға болады.

Спорт сайыстарында Дәулеттің келбетін, отаншылдығын, мінез-құлық қасиеттерін баяндауда автор оны қазақтың ұлттық тәлім-тәрбиелік дәстүрлі табиғатына сай бейнелі өрілімдермен суреттейді. Дастанның құрылысында ақын қазақтың жыраулар поэзиясының үлгісін де тиімді қолданған, жаңаша пайымдаулар жасаған. Бұның барлығы дастанның тақырыптық-идеялық және стильдік – көркемдік тұтастық жүйесін, ұлттық сипатын көрсетеді.

Әдеби шығармалардың көпшілігі өмір шындығына негізделеді.

Дәулет – тарихи тұлға. Зерттеуші М. Базарбаев: «Тарихи және қоғамдық шындық әдеби туындының бастау көздері болып табылады. Әлеуметтік өмір, саясат, халық тұрмысы – бәрі де өмір шындығын танытатын жағдайлар. Ешбір жазушы өмір шындығынан, оның нақты болмысынан алшақ кетпейді» [2, 159 б.], - деген. Олай болса, Рүстем

Жанайдың да Дәулет Тұрлыхановтың өмір тарихын негіз етіп жырлаған бұл туындысының эстетикалық, танымдық маңыздылығы ерекше. Дастан поэтикалық-эпикалық жырлау үлгісімен жазылған, ұлттық бояуы қанық ерекше туынды.

Халық батырының бар арманы – халқының бостандығы болса, Дәулеттің бар арманы ел сенімін ақтап, Қазақ елінің туын көкке желбірету, спорт өнерінде намысты қолдан бермеу, Қазақтың батыры деген Елбасы сенімін ақтау. Ақынның азаматтық-отаншылдық сарындағы жазылған дастандатуған елінің, атамекенінің атын әлемге танытқан Дәулет елін сыртқы жаудан қорғаған Қобыланды, Жанқожа, Райымбек батырлармен қатар қойылады. Өйткені Дәулет те елдің айбыны мен айбары болған халық батыры.

Дәулет–намысты ер. Ел үшін, жер үшін намыс – бұл азаматтың туы болуы керек. Дастан сюжетінде өршіл рухты ұлт қаһарманының осындай бейнесі сомдалған. Намыстана, буырқанған сезіммен қазақтың абыройын асқақтатқан Дәулетті:

...Қатардан асқан ақылы,
Тектіден туған ата ұлы.
Еркіндік алған қазақтың
Әлемге даңқын асырған,
Бағына туған батыры, -

деп дәріптей келе оны Қобыландыдай қайратты, Алпамыстай айбатты, Қамбар сынды қайырымды, Ер Тарғындай айбынды, Бауыржандай батыл, қазақтың бір туар азаматы деп ақын фольклорлық суреттеу тәсіліндегі құндылықтарымызды, көркемдік өрнектеу тәсілдерімізді өз ой-санасында қайта қорытып, жаңаша серпін беру арқылы кейіпкердің портретін береді. Оны жастарға үлгі-өнеге тұтады.

Айналайын, жастарым,
Дәулет батыр секілді
Бәрің батыр болыңдар,
Жүрегінде халқыңның.
Бәріңе де орын бар.
Айналайын, жастарым,
Сендер ғибрат алар деп,
Аяқтаймын осымен,
Дәулет батыр дастанын, - деп аяқтайды ақын.

Қорыта айтқанда, Р. Жанайдың «Дәулет батыр» дастаны – халық тарихындағы көрнекті тұлғаны уақыт шындығы аясында эпикалық, фольклорлық баяндаумен, көркемдік тәсілмен, поэтикалық бейнелілікпен, халықтық көркем тілмен жырлаған көркем туындысы.

ӘДЕБИЕТ

1. Бердібаев Р. Қазақ эпосы. - Алматы: Ғылым, 1982. - 232 б.
2. Базарбаев М. Әдебиет және дәуір. - Алматы: Жазушы, 1966. - 273 б.
3. Рүстем Жанай шығармалары. – Астана: Фолиант, 2007. – 448 б.

МҰҒАЛІМДЕРДІҢ КӘСІБИ ТҰЛҒАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА РҮСТЕМ ЖАНАЙДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ОҚИТУ

*Сапартаева Ләззат Егізбайқызы,
«Болашақ» университеті*

Сыр сүлейлері шығармаларын жоғары оқу орындарында оқыту мәселесі жастарға өңірлік әдебиетті танытудағы игі қадамдардың бірі болып табылады. Елбасы Н.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында: «Адам баласы – шексіз зерденің ғана емес, ғажайып сезімнің иесі. Туған жер – әркімнің шыр етіп жерге түскен, бауырында еңбектеп, қаз басқан қасиетті мекені, талай жанның өмір-бақи тұратын өлкесі. Оны қайда жүрсе де жүрегінің түбінде әлдилеп өтпейтін жан баласы болмайды. Туған жерге, оның мәдениеті мен салт-дәстүрлеріне айрықша іңкәрлікпен атсалысу – шынайы патриотизмнің маңызды көріністерінің бірі. Бұл кез келген халықты әншейін біріге салған қауым емес, шын мәніндегі ұлт ететін мәдени-генетикалық кодының негізі» [1], – деген еді. Осы тұрғыдан алғанда болашақтың тізгінін қолына алатын жас ұрпақты тәрбиелейтін мұғалімдердің кәсіби тұлғасын ұлттық рухани құндылықтар, оның ішінде өңірлік әдебиет негізінде қалыптастыру – бүгінгі оқыту үрдісіндегі басты мәселе.

Бүгінгі қоғам білім мазмұнын жаңарту мен үздіксіз білім беру жүйесін дамытуды талап етіп отыр. Студенттерге Сыр бойында өмір сүрген ақын-жыраулардың шығармашылық мұрасын таныту, оқыту олардың әлеуметтік белсенділігін дамытып, кәсіби шығармашылық тұлғасын жасауға ықпал етеді. Болашақ маман иесі өзін қоршаған әлеуметтік ортаны неғұрлым жақсы білсе, соған өз тарапынан өзгеріс жасауға соғұрлым ынталы, қабілетті болады. Бұл орайда Сыр бойына танымал ақын Рүстем Ідірұлы Жанайдың шығармашылық мұрасы да әдебиет сүйер жастардың ынтасын оятары сөзсіз.

Студенттің көркем шығарманы қабылдауы – оның өзінің жан қалауымен, жүрек сезімімен, рухани әрекетімен жүзеге асатын дүние. Қандай жақсы көркем шығарма болмасын, ол автордың жан күйзелісін, шалқар шабытын сезінуі керек. Рүстем ақынның елдік пен ерлік тақырыбындағы туындыларын оқи отырып мұны сезінбеу мүмкін емес. Жастарды ұлтжандылық, әділдік, көпшілдік, батылдық сияқты адами құндылықтарға жетелейтін «Қазақпыз – ұлы халықпыз», «Қазақпыз», «Егеменбіз», «Ең қиыны», «Тәубе деймін», т.б. өлеңдеріндегі тереңнен толғайтын пайымдауларын, ұлтымыздың болмыс-бітімін сипаттайтын өлең жолдарын дәріс оқу барысында орынды пайдалану керек. Білім беру жүйесіндегі ұлттық мәдени мұраны қазақ халқын әлемге ұлт ретінде танытатын құндылықтар жүйесі деп танитын болсақ, қазақтың ұлт ретінде сақталуы, ұрпақ

сабақтастығын ұлттық үрдісте жалғастыруы – өзекті мәселе. Сондықтан білім берудің қай сатысында болмасын бірінші кезекте ұлттық тәрбие беруде тәлім-тәрбие мүмкіндіктерін айқындау қажеттілігі туындайды. «Қазақпыз – ұлы халықпыз» өлеңіндегі:

Жасауы пай-пай дегізген,
Кенде емес мақтау-лебізден.
Он екі қабат ақбоз үй
Көзіңнің құртын жегізген...

Көршіге шауып барып біз
Қонағын сұрап алыппыз.
Айтып та айтпай не керек,
Уызында жарыған,
Жаритын мәңгі халықпыз [139-140 бб.], –

деп келетін жолдарды оқыту арқылы ұлтымыздың қанына сіңген қонақжайлылық, дархандық, намысшылдық, табандылық қасиеттер туралы кең толғауға болады. «Қазақпыз» өлеңінде:

Есінде сақта:
Сен мықты болсаң – мықты аға,
Болмаса әділ, үлкен де болса, құптама.
Құдайдан бөтен
Кім болса, мейлі, ол болсын,
Жалтақтай көрме,
Көзіне әркез тік қара [142 б.], –

дей келе келер ұрпақты адамдықтың ала жібін аттамауға, әділдікке шақырады. Бұл да ақынның поэзиясын оқыту барысында нәтижесіз болмайтын шығармаларының бірі.

Егемен!
Құдірет сөз не деген!..
Осы сөзді ата-бабам аңсаған,
Сол сөз үшін жанымды алып, жан салам.
Ту биедей тулап жүріп кезінде
Қатыгездер құрығына тап болып,
Бір шаршаса, бөлінуден шаршаған [143 б.].

Ақын бабалар аманат еткен атамекен қоныстың егемендегін ерекше пафоспен жырлай келіп, әлі де болса ел болашағына алаңдаулы екендігін білдіргендей. Сөз қадірін түсінер жасқа осының өзі аз ақыл емес. Жоғары оқу орнының ақылы толысқан, білімі кеңейген азаматына ой түюге жетерлік дүние.

«Ұлы бабам Жанқожа» өлеңінде де әділдіктің ақ туын ұстаған батыр бабаның ел тәуелсіздігіне қосқан үлесін жырлайды. Студенттердің ат үстінде кірпік ілмей айқасқа түскен батырдың ел

үшін еткен ерлігі туралы шығарманы оқуы да ақын шығармашылығын оқытуда маңызсыз емес.

Айбалтаңнан қамықты көп дұшпаның,
Жүрегінде алаулады күш-жалын.
Бұра тартпай досыңа да, жақынға,
Әділдіктің тура жолын ұстадың...

Дұшпаныңды шығармадың төріңе,
Рух бердің ізіңе ерген еліңе.
Елітпедің патшаның да сыйына,
Қызықпадың оқалы тон, шеніне [174 б.].

Рүстем Жанай шығармашылығында студенттерді адамгершілікке, сүйіспеншілікке баулитын дүние мейлінше мол. Әдеби талдау әдісін меңгерту үшін студенттерді шығарманың көркемдік әлеміне көз жіберте білуге, шығармашылықпен оқи білуге үйреткен жөн. Шығарманы мазмұндап айтып беру арқылы ғана оның идеялық, көркемдік сапасы ашылмайды. Оқыту мен шығармаға талдау жасау әдісі бір-бірімен тығыз байланысты. Оқыту процесінде студенттердің теориялық білімдерін үнемі шыңдап, талдау әдісіне үйретіп отырған жөн. Бұл орайда Рүстем Ідірұлының өзі аға тұтып соңынан ерген, іні көріп ізіне ерткен үзеңгілес дос-бауырлары туралы өлеңдерінен мысалдар келтіруге болады. «Қара өлеңнің қара нары» деген Сейіл Боранбаевқа арнаған шығармасында ақынның тау тұлғасын, поэзия әлеміндегі салмағын бағалап, қара нарға балап:

Аспай-саспай ой түйіп бала жаны,
Жақсы менен жаманды саралады.
Маң-маң басқан
Заманның жүгін тартып
Қара өлеңнің келеді
ҚАРА НАРЫ [186-187 бб.],—

деп жырлайды.

Елі аманда
Әмәнда ұқты жырын,
Отырады ол
Ой аулап құтты күні.
Ақындықтың сездіріп
ҚҰДІРЕТІН,
Адамдықтың ұқтырып
МЫҚТЫЛЫҒЫН! [187 б.],—

деп келетін жолдардан адамдықтың асқарын поэзия тілімен өрнектеген ақынды көреміз. «Бір-ақ адам» атты өлеңінде Сыр еліне белгілі ақын Қомшабай Сүйеніштің адамдық келбетін ашады:

Данаменен тілдескен данасынбай,
Тіл табысқан баламен баласынбай.
Қоңыр күздей
Жалатқан сары алтынды
Кең маңдайы
Сарыарқа даласындай. тұрады анық.
Қашан көрсең, жүреді теңселіп ол
Жан біткеннің
Қайғысын сұрап алып... [187-188 бб.]

Ақын болмысындағы тектілікті, ғұламалықты осылайша шынайы суреттеуі – адамзаттық құндылықты ең жоғары орынға қоятын ақын поэзиясының басты кредосы.

Жалынбаған тағдырға,
Жыламаған,
Өмірінде кісіден сұрамаған,
Жан біткеннің әмәнда жақын досы –
Күллі қазақ білетін
Бір-ақ адам! [188 б.]–

деп күйкі тірліктің болмашы нәрселерін адами өмірдің тынысына араластыра қоймайтын, «тұлғасында бабаның ұлылығы» көрініс тапқан Қомшабай ақынның биік бейнесін жыр етеді. «Ақын-жүрек», «Хас шебер», «Тасшайнар», «Біртуған қыз» сынды туындыларында да айналасындағы адамдардың жақсы қасиеттерін жырлауы оқырман қауымды адамгершілік пен сүйіспеншілікке, адалдық пен әділдікке жетелейтіні анық. Поэзиядағы өмір шындығын игеру сипаттарына орай ақын шығармаларын осылайша жүйелеп қарастыру студенттердің өлкелік әдебиет өкілдерінің өмір тарихын, шығармашылығын білуге құлшынысын арттырады анық.

ӘДЕБИЕТ

1. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // Егемен Қазақстан. – 2017. - 12 сәуір.

2. Шығармалары / Рүстем Жанай. – Астана: Фолиант, 2007. - 444 б.

РҮСТЕМ ЖАНАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫ

ӨЗІМ ЖАЙЛЫ ҮЗІК ЖЫР

Байлыққа әсте, қызбаймын,
Қуанышым мың, жүз қайғым.
Жағымпаз көрсем
Сұп-суық
Сіресіп қалған мұздаймын.

Үлкенді сыйлап – бас иіп,
Кішінің мінін жасырып,
Ағеден жаным,
Ақ көңілім
Жүреді күндей ашылып.

Жығылып,
Талай жағыныппын,
Көрестің сырын ұғыппын.
Аузымды ашсам, көмейім
Көрініп тұрған жігітпін.

Сындырам десе – сынбаспын!
Күл қылам десе – қыңбаспын!
Аяқтан шалған аярдың,
Айырмай жағын –
Тынбаспын!

Түндерім – шарап. Бал – күнім!
Бар кейде аз-мұз САЛДЫҒЫМ.
Кіреуке түспес жаныма,
Намысшыл жанмын,
АРЛЫМЫН!

ӨМІР ПАРАҚТАРЫНАН

(үзінді)

Әкем Ұлы Отан соғысындағы Сталинград шайқасында оң аяғын жуан санынан беріп оралып, сарыла күткен анаммен сағыныса табысып, сонан 1944 жылдың мамырында жертөледе анамның құрсағында жеті ай әрең жатып, мен шақалақ шырылдап жарық дүниеге келсем керек.

Мен құралпы балаларда алаңсыз бақытты балалық шақ бола қоймады. Сұрапыл соғыстың тигізген зардабын күнделікті тұрмыстың тауқыметінде кездестіруші едік. Қоғажайдың дәнінен пісірілген қатты нанды кеміріп отыратын балалардың бейнесі әлі күнге дейін көз алдымда. Жоқ-жұқа адамға қарасқым келіп, қамқор көңіл болып тұратыным да осыдан болар.

Әкем соғыстан бір аяқсыз оралғандықтан, менің санамдағы соғыс адамның аяғын кесіп алатын жалмауыз кейпінде тұратын. Әкемнің бір аяғының жоқтығы өзіне ғана емес, үй-ішімізге қаншама жылдар ауыр салмақ болды.

Соғыстан кейінгі жылдардағы ауыртпалық, елдің қиын жағдайы біздің аңғал балалығымызды алаңсыз қылмады. Еңбекке ерте араластық. Тіршілік барда өлімнің болатынын, еңбекпен тапқан нанның тәтті екенін, кісінің ала жібін аттамауды ұғынып өстік. Өнерге келу үшін жүрек керек екенін де бала кезден түсіндім. Бала кезімде басымнан өткен талай оқиғалар жігерімді жаныды. Үлкендік, жауапкершілік, туыстық, бауырластық сияқты сезімдер де осы кезеңде қалыптасқан сыңайлы.

Мына бір оқиға есімнен кетпейді... Бір жылы қыс қатты болды. Әкем завферма еді, көктемде орнынан алып тастады. Өлген малдың есебін дұрыстау үшін сауып ішіп отырған жалғыз бұзаулы сиырды тапсыруға алып келе жатырмыз. Ағам жетектеп, апам айдап келеді. Ендігі күніміз не болады деп жылайды апам. Ағамда үн жоқ. Есесіне апам қосылып мен жылап келем.

Іштей ойлаймын: «Осыдан үлкен болайын, бір сиыр емес, он сиыр әкелермін-ау!» – деп. Шынында да кейін мектеп бітірген соң сиыр бақтым. Он болмағанымен, әйтеуір, жаман болмадық. Осы оқиға мені жігерлендіріп еді, өзімді өзім қайрап едім. Қиындық та қайрақ сияқты...

Жоғары оқу орнында Мәлік Ғабдуллин, Қажым Жұмалиев, Нина Смирнова секілді белгілі ғалымдардан дәріс ала жүріп, рухани қамқорлықты сезіндік. «Жақсыдан шарапат» деген, бүгінде қаламым мұқалмай, адамдықтың ала жібін аттамай, елдің алдында жүрсем, осындай ұлылардан алған ұлағатым деп білемін.

Қайырбай екеуіміз Сейілді ақсақал, Қомшекенді аға қылып, қисапсыз қазына иелендік. Қазына деп отырғаным осындай ақберен

ағалардың өнегесі ғой. Үлкендердің жақсы қасиеттерінің менің жанымда қаншасы қалды екен деп ойлайтыным бар. Қанша қалса да қалғаны рас. Кейінгі інілеріме сол қасиеттердің қаншасын тапсырам, мәселе сонда. Үлкендерден алған бай қазынаны кейінгі ұрпаққа қалдыруды елімнің алдындағы міндетім деп білемін.

Алла тағдырыңды алдын ала білдірмегені үшін де ойлану керек. Бүгін барсың, ертең жоқсың, бүгін байсың, ертең жарлысың дегендей, болжай алмайсың. Ұрпақ алдындағы жауапкершілік – өзінді мәңгілік жалғастырудың тетігі. Адам баласының үлкен қасіреті – ұрпағының жалғаспай қалуы, Алла содан сақтасын. Жалғыздық құдайға ғана жарасқан, шырақтарым.

САҒЫНЫШ САЗЫ

Сағынып кеттім,
Сағынып кеттім мен сені,
Сағыныштың жоқ екен ешбір өлшемі.
Сағынбау деген – күнәнің нағыз үлкені.
Сағынып кеттім,
Сағынып кеттім мен сені,
Жанымның жарты бөлшегі.

Аңсадым сені,
Күні-түні жүріп жете алмай
Ғашықтық деген қамалды бұзып өте алмай.
Асықтым саған,
Аңсадым сені.
Аңсадым
Сағыныш таңы сарғайып лезде атардай.

Көңіл – көк теңіз,
Міндім мен жүйрік кемеге,
Тарттым да кеттім
Айналып ұшқан жебеге.
Сағыныш буса–
Уақыт деген немене,
Сағыныш буса – қашықтық деген немене.

Өмір ме, сірә,
Сағына алмасам мен сені.
Сағыныш деген–
Махаббаттың дәл өлшемі.
Сағынбау деген–
Күнәнің нағыз үлкені.
Сағынып кеттім,
Сағынып кеттім мен сені.

АР ТУРАЛЫ

Ес білгелі
Бір сезім ескірмеді,
Ол сөзімнен айырмас ешкім мені.
Сатпа Арыңды, жан балам,
«Сақта арыңды», –
Деген сөздер соңғы рет естілгелі.

Қайран әке,
Көзіңе мақтамаған.
Ала жібін біреудің аттамаған.
Жанын арған садаға етіп мәңгі,
Туған жерде мәңгі ұйықтап жатқан адам.

Байлық іздеп,
Басқа өмір таңдамаған,
Тер боп ағып,
Жалын боп жанған адам.
– Жарлы болсаң,
– Жарлы бол, – дейтін еді ол –
Ал Арыңнан айрылып қалма, балам!

Өмір – сынақ,
Сынақтан жүз өтемін,
Қатемді өмір білемін түзетерін.
Шекараны күзеткен сақшыдай бір
Мен де Арымды күні-түні күзетемін.

ҚҰТТЫ ҰЯМ

Базарлы күнді,
Ажарлы күнді өткерген
Жерұйығым менің,
Арманға тайлай жеткерген.
Момақан ғана мінезіменен ауылдың
Тайсалмай өтіп келемін талай өткелден.

Ауылым менің,
Көп еді сенде сыр неткен,
Жырласам деген аяулы арман жүр көптен.
Қасиетті жер бұл!
Мәңгілік өзін сүйдіріп,
Күллі әлемді де сүюді маған үйреткен.

Бір жасағым келсе —
Жайлау да дайын, бақ дайын.
Шалқығым келсе —
Домбыра дайын, ат дайын.
Құтты ұям менің!
Алдыңда сенің бас иіп,
Табалдырығыңды жыр боп аттайын.

СТРАНИЦЫ ЖИЗНИ (отрывок из эссе) **СТРАНИЦЫ ЖИЗНИ, КОТОРЫЕ НЕ ВИДЕЛ САМ**

Страница первая

Отец, вернувшись со Сталинградской битвы с ампутированной по самое бедро правой ногой, но с огромной жаждой жизни, истосковавшийся по родной земле, познакомился с матерью, молодой девушкой, как и все девушки ее поколения, утомительно долго ожидавшей солдат с войны. Женился.

И вот в мае 1944 года, едва продержавшись в утробе своей матери семь месяцев, я с криком появился на белый свет в сырой землянке.

Я мог и не выжить. Старухи и женщины трех-четырех дворов на ферме, не принимавшие уже несколько лет роды и давно не державшие в своих заскорузлых руках новорожденного, растерянные и заполошнные, уповав только на Всевышнего, решили выходить меня в большой меховой шапке-ушанке-тымак. Сорок дней по очереди присматривали они за мной, и только благодаря их самоотверженным усилиям и постоянному уходу я остался жив.

Я часто задумываюсь об этом. Оказывается, тоска по ребенку, мечта о ребенке – это мечта о продолжении жизни.

Война могла сгубить, срубить под корень столько жизней, столько семей, столько народов.

Страница вторая

Весной, в конце войны, в наш небольшой аул, где отец работал завфермой, а мать – дояркой, верховой милиционер пригнал шумную толпу чеченцев. Их было человек пятнадцать-двадцать: с два-три старика, у которых из-за бороды не видно было лиц; необычной внешности горбоносые женщины, девушки, дети.

- Заставляйте работать, если будет возможность, прикармливайте, - сказал милиционер, оставив их на попечение аула.

При воспоминании об этом у моей матери всегда слезы наворачивались на глаза.

Одна из женщин-чеченок с грудным ребенком старалась, оказывается, при любой возможности взять меня на руки. Из-за голода у нее не было молока, ребенок плакал. Жалея ребенка, мать моя украдкой подкармливала ту женщину.

Однажды, вернувшись с работы, она увидела, как чеченка кормила одной грудью своего ребенка, другой – меня. У матери моей слезы брызнули из глаз.

Я понял: Мать в любой ситуации остается Матерью.

Я, вскормленный и женщиной-чеченкой, понял одно: надо уважать в первую очередь Аллаха, затем – У меня в характере есть отчаянность. От чеченцев, что ли?

Страница третья

Страшный шум, треск, яркие вспышки света перемежаются с темнотой. Перед глазами высоко над головой непонятный мир, в лицо летят какие-то брызги, обдает холодом.

Мать рассказывала: « Ты спал в колыбельке, я забыла закрыть тундик. Пока вернулась с дойки, загредел гром, хлынул ливень. В тот день ты сильно заболел. Слава Аллаху, он спас тебя, ты остался жив».

Это было, наверное, когда я только-только начинал понимать, что появился на свет, потому что до сих пор не могу забыть эту устрашающую картину.

И мне кажется, что я до сих пор живу под небом, где гремят раскаты грозы.

СТРАНИЦЫ ЖИЗНИ, КОТОРЫЕ ВИДЕЛ САМ

Страница четвертая

Повозка, запряженная быками, в которой мы едем, остановилась напротив землянки. Мне приблизительно чуть больше трех лет. В землянке детишки четырех-пяти лет ели хлеб. Наверное, я тоже потребовал, мать выпросила для меня кусок хлеба. Он был очень твердый. Я не стал есть. Потому что я каждый день пил молоко. Вернул хлеб, сказав, что не хочу его есть.

Оказывается, это был хлеб из зерен рогозы.

С тех пор я знаю разницу между голодом и сытостью. Не могу забыть своих сверстников, грызущих хлеб из зерен рогозы.

Мне кажется, что мое умение сострадать, стремление помогать нуждающимся, поддерживать их – все началось именно с того случая.

Страница пятая

Наверное, это было в те же самые годы. Мы с отцом сидим во дворе на солнышке. Отец стругает дерево острым ножом. Я смотрю на отлетающие стружки. Отец время от времени примеряет деревяшку к ноге. Я впервые замечаю, что у отца не две ноги, как у меня, а только одна. Почему?

- Отец, почему у тебя только одна нога?
- На войне осталась.

Тогда в моем представлении война показалась мне ведьмой, отрезающей у людей ноги.

То, что у отца не было одной ноги, на многие годы легло тяжким бременем не только на него, но и на всю нашу семью.

Разве может человек измерить всю тяжесть войны?!

Страница шестая

Отец, посадив меня за спиной, привез куда-то. Сошли с коня. Во дворе было с десяток человек. Только отец вошел в дом, как послышался громкий плач. Я испугался. Не понял, почему плакала старшая апа. Люди собрались и что-то стали делать. Потом они завернули кого-то в материю и понесли куда-то. Потом кажется закопали в какую-то яму. Я не понял. Когда возвращались, я спросил:

- Отец, почему закопали деда? Он же не сможет теперь выйти, - сказал я.

Я запомнил слова отца:

- Это Жолмырза-ата, он умер

- Он не придет больше?

- Нет, не придет. Он ушел в аул, который находится под землей.

Пока не повзрослел так и думал, что смерть – это аул, находящийся под землей.

Да, кости - земле, а душа улетает в небо.

Страница седьмая

Мы жили отдельно от всех, в одной-единственной юрте в степи.

Это было летом. Отец куда-то отлучился. Я играл во дворе. Вдруг раздался страшный крик матери. Забежав в юрту, увидел ее, всю в поту, держащуюся за аркан, свисающий с потолка. Она продолжала время от времени кричать. Я заплакал.

В этот момент я услышал чей-то слабый голос. Мать присела, как подкошенная, и подхватила маленького ребенка.

- Ух!- сказала она, погладив меня по голове. Улыбнулась. У меня до сих пор перед глазами ее улыбка. Я увидел, в каких муках рождается человек и какое это счастье – рождение ребенка. Это осталось в памяти на всю жизнь.

Не раз потом приходило в голову, что если бы мужчины хоть раз испытали эти муки, то образ матери был бы у них вторым после образа Бога.

Перевод с казахского языка У.Тажкен.

НАМЫС (Баллада)

Шал отыр шөкім бетін әжім басқан
Қабағы қара тастай, жазылмастан.
Кім білген қандай ойлар шығып жатыр
Ақ самай, жетпістегі әзіз бастан.

Шал отыр. Қозғалмайды. Тас адамдай.
Ашудан қыран көзге жас ала алмай.
Қарашықтай сақтаған ар-намысын,
Жетпісте күл ғып кеткен жасаған-ай.

Бүк түсіп бала жатыр шал алдында,
Кінәлі қарашадай хан алдында.
Бап-балғын бала жүрек зыр жылайды:
«Шынымен өлу үшін жаралдым ба?»

Жүрегі жас баланың зар жылайды,
Тағдыры үшін қарағайды қай құдайды.
Ол жаудан алғаш қорқып қашқаны үшін,
Шал отыр ит қып тағып қарғыбауды.

Шал отыр жүзінде – ашу. Іште – күйік,
Баласы иттің еткен іске күйіп.
Тегінде мұндай жасық жоқ еді ғой,
Атадан азғын шықты күшпен ығып.

Ал өзі жауға жалғыз талай шапқан,
Ажалмен бетпе-бет кеп сан айқасқан.
Сонда да жаудан қашып, жанын сақтап,
Көрген жоқ жасықтық қып бала жастан.

Жер қылды-ау сол әкені ұл жасық қып,
Аяйды батыр шалды шуласып көп.
Әке мен бала үйде, жұрт далада.
Тым-тырыс қатып қапты тыңдасып кеп.

Шал отыр сезбей маңдай тершігенін.
«Тудым деп ойлап едім ел тірегін.
Жалғызыңнан жабыс сен жалғыз едің
Өз қолыммен жазалап өлтіремін!»

Осы бір ой батырды мазалайды,

Бала жатыр толғанып жаза жайлы.
Көшілік тұр батырға тіл қата алмай.
«Жалғыз ұлын ол қалай жазалайды?»

Сен қандай қымбат едің өмір неткен!
Сонда да кездерің көп тегін кеткен.
Сұмдық-ай! Шалдың сіңір саусақтары
Баласын қатты қысты кеңірдектен.

Өлтірді-ау өз баласын аямастан
Күңіренді қаралы жер, қаралы аспан.
Өлікті енді иіскеп, шал көзінен
Ағады жас пенен қан араласқан.

Баласын шал құшады, аймалайды
Көкіректе – ерлік те, жанды қайғы.
Ашу емес енді онда өксiк қана,
Манағыдай ашына қарғамайды.

Баласын шал ап кетті шың басына.
Батырдың жұрт қарады тұлғасына
Шал тұрды сүйіп-құшып жалғыз ұлын
Қайғы мен бар қасірет бір басында.

Жұрт ұғып тұрғандай шал тұлғасынан
«Батыр боп өссін, жұртым, ұл жасынан!»—
Жасық ұл өсіргенге жазам осы!» —
Деді де шал құлады шың басынан.

Бұл аңыз сонан бері келеді екен,
Солай дейді көне жер, көне мекен.
Адамдар тегі үшін, намысы үшін
Тайсалмай қыранға ұқсап өледі екен.

**РУСТЕМ АҚЫН ТУРАЛЫ АРНАУ ӨЛЕҢДЕР МЕН
ЕСТЕЛІКТЕР**

ӨЗІҢДІ ӨЗІҢ ЖОҒАЛТПА

(Досым Рүстемге)

Бір жамандық көрсе болды намырттан,
Не жақсылық көрсе болды жомарттан –
Асыл-асыл армандарын ұмытып,
Адам аз ба өзін-өзі жоғалтқан.

Демегейсің дау-дамайдан бақ табам,
Әр нәрсеге ауған ойдан сақтанам –
Биік-биік мұраттарын тәрк етіп,
Адам аз ба өзін-өзі таппаған?

Сарқылмасын көңілдегі мол сенім,
Тартылмасын өмірдегі өлшемің.
Асыл арман, биік мұрат шақырса –
Өзіңді-өзің іздегенің ол сенің.

Асар асу, алар атақ, алар ту –
Кірпік қақпай танды көзбен ағарту.
Бұл дүниеде табу қиын өзіңді,
Ең оңайы – өзіңді өзің жоғалту...

Әбдіраштың Жарасқаны

АҒА

...Кеудемде менің
Сағыныш болып түнедің,
Не деген ыстық жүрегің!
Ой менен тойдың кенісің,
Ширатқан сөздің жібегін.
Шапса да жауың,
Шағылмас тауың, білемін.
Себебі сенің тірегің –
Өзіңді сүйген Ұлы елің!
Ізіңе ерген іні едім,
Амандығыңды тіледім!..

Жетіскен Мәкеналиев
2004 жыл

ТҰҒЫРЫҢ ТҰРАРЫНА АЛАСАРМАЙ

...Сөз арнасаң ұрпаққа, дарынды ұлға,
Толарын топшылаймын жаның нұрға.
Қазақтың даңқы шыңға шығар еді,
Көп болса дәл өзіңдей жарқын тұлға.

Сан мықты талантыңмен таласа алмай,
Тұлпарсың алдыға озған қара салмай.
Кім келіп шаужайлаассын, сенем, аға,
Тұғырың тұрарына аласармай.

Дина Қаласқызы

ЖИЗНЬ С ОЩУЩЕНИЯМИ «РАСКАТОВ ГРОМА»

(выступление на вечере памяти поэта Рустема Жанаева,
19.12.2009 г. Казалинск)

Личности, равнодушные как к судьбе народа, так и к судьбам отдельных людей, своих современников, были во все времена. А если к тому же это был поэт, то его ноша ответственна вдвойне.

Живи поэт Рустем Жанаев во времена древних огузов, неподалеку от древней столицы которых он родился, быть бы ему батыром, подобным Бамси-Бейреку: недаром ему дано было имя Рустем, что означает в переводе с иранского «храбрый», «мужественный», «сильный».

Живи он во времена Жанкожи батыра (строительством мавзолея которого занимался, будучи председателем комиссии по установлению памятника), быть бы ему в числе первых воинов-батыров в борьбе с Хивинским ханством, в числе восставших против колонизации Приаралья Российской империей.

Живи он во времена отмены царской Россией института ханства в казахской степи, наверняка был бы в числе тех ханов, которые, несмотря на то, что не имели в родословной чингизидов, были избраны восставшим народом в 1916 году. Как был избран Ужге Каражанов в Иргизском уезде Аманкульской волости, как Тайшим Урусов – в Кызыл-Джарской. Или же Айжарык Канаев – старший хан Иргизского уезда и Кинжегаринской волости. В Тургайской области были образованы Кипчакское и Аргынское ханства – во главе с Абдулгафаром Джамбулсыновым и Оспаном Чулаковым. Бекболат Ашекеев был провозглашен ханом в Жаильмысской волости Верненского уезда Семипалатинской области. Именно такие отважные, пассионарные личности возглавляли народные восстания.

Был бы он и в рядах алашординцев. Был бы и в рядах жастулпаровцев.

Но Рустему Жанаеву судьба отвела не менее драматическое время и не менее драматическую судьбу. Его оружием было слово. Он как последователь жырау и акынов степи боролся словом.

Родился он в войну, в грозные, грозные годы, и, как написал сам, всю жизнь его преследовали ощущения «раскатов грома». Детские, отроческие годы и юность пришлись на голодные послевоенные; молодость – на «оттепель», освоение целинных и залежных земель; зрелость – на непредсказуемые и беспокойные годы

перестройки, вхождения в рынок, обретения независимости. Жизнь, настолько насыщенная драматическими событиями, словно древнегреческая трагедия. «Гремят раскаты грома и сейчас»: пророчество оказалось верным – чуткое сердце поэта не могло не почувствовать, не откликнуться на смену эпох, повлекших за собой потрясения.

Он был из тех, к голосу которых прислушивается народ, прислушиваются даже правители или же люто ненавидят. Рустем Жанаев относится к тем личностям, к которым приковано внимание народа, к личностям, которые остаются в памяти народной. Он прожил жизнь яркую, сложную, насыщенную и прозой, и поэзией действительности. Он никогда не был равнодушным. Он был честен, он не разменивался. Он любил и был любим. Не обделен был дружбой и привязанностью настоящих, верных друзей. Был знаком со многими интересными людьми своего времени, посвящал им стихи, которые трогают теплотой, пронзительностью, предельной искренностью чувств. Он был очень красивым человеком. Красивым, как древнегреческие боги. Он продолжился в своих детях, таких же красивых. Природа одарила его не только особенной красотой, но и разносторонними талантами. У него было особенное чувство юмора, вокруг него всегда собирались люди, ожидая очередной шутки, острого словца; собиралась талантливая молодежь, жившая своей особенной, внутренне богатой жизнью: юмор, состязания в стихах, постоянное состояние «охоты» за словом, жизнерадостные взрывы хохота, веселья, праздника поэзии. А он... поглядывал вокруг, и вдруг замечал мелкие человеческие пороки, слабости, которые потом ложились в основу его миниатюр при постановке в районе спектаклей, шоу «Тамаша».

Он сразу распознавал талант, помогал проявиться, был независтливым, добрым другом и своим ровесникам, и молодежи. Люди к нему тянулись, он излучал доброжелательность, интеллект, знания. С ним было интересно. Филолог, он мог вести интеллектуальные беседы, был начитан, многое знал.

Творчеству Рустема Жанаева присуща разножанровость: стихи, поэмы-дастаны, повесть, короткие рассказы, миниатюры, притча, пьесы, эссе. Его герои – это люди из реальной жизни, его темы – земные радости и горести. Лирический поэт, получивший филологическое образование, он в своих стихах поведал миру о пережитом, рассказал о том, что видел или наблюдал, следуя стилю и правилу великого Гете. «От всех приобретенных знаний в памяти у нас остается только то, что мы применили на практике...» (И.П.Эккерман «Разговоры с Гете»). «Страницы жизни» подтверждают это. Наблюдения над жизнью восприняты зорким оком художника, отмеченного ярким дарованием.

«Страницы жизни» – это, по сути, итоги жизни, это собранные воедино эпизоды-воспоминания, связанные с жизнью родителей, друзей, близких; блистательные осколки-эпизоды детской памяти, пропущенные через художественное восприятие поэта. Эти описанные с любовью светлые ощущения-ситуации собраны, чтобы сказать, прежде всего самому себе: да, у меня было много счастливых дней, я был окружен-осиян священной любовью матери и отца, земля предков вспоила-вскормила меня, одарила радостью творчества, и теперь мне есть, что передать потомкам!

Недаром главная мысль эссе – это «мысль семейная». Автор считал, что главную роль в формировании характера человека играет семья. Значительную часть эссе составляют рассказы-миниатюры, связанные с воспоминаниями о юношеских порывах и сомнениях, о тревогах и радостях, о вхождении в большой мир, о роли среды в становлении личности. После каждого рассказика – выводы, заключения автора о том, что вынес он из той или иной ситуации. Эссе пронизано светлой печалью по давно ушедшим, любовью к здравствующим.

«Страницы жизни» – благодатный материал для внеклассного чтения, для факультативных занятий. Эссе нужно было бы включить в школьную программу. Писатель делится своими воспоминаниями-впечатлениями, что, несомненно, является поучительным примером для подрастающего поколения. Молодому человеку, только вступающему в мир, будет интересно прочесть эти заметки.

Знакомство с основными вехами жизненного пути писателя и яркими образами его современников будет интересно филологам, литературоведам, психологам.

Это своеобразные «Опыты»* казахского автора.

Примечание:

*Мишель Эйкем де Монтень, «Опыты».

ӨШПЕС ЖЫРЛАР ӨРНЕГІ

Ізетұлы К.,

Қазақтан Журналистер одағының мүшесі

Жаратқан Алла́м ақын ем,
Жүйрік еді қаламым.
Жүйрікті қолға аламын,
Шекесін шертіп сананың.
Дабылын қағып даланың,
Ашылып жырға араным.
Ұйқы көрмей түнімде,
Күлкі көрмей күнімде.
Шабыт деген бір тентек,
Алып кетіп барады.
Асау жырдың жолына,
Салып кетіп барады.
Көз алдымда жеткізбей,
Жарық кетіп барады,-

деп әлем мойындаған, даңқты палуан Дәулет Тұрлыханов жайлы «Дәулет батыр» дастанын жазуды осылай бастаған ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Рүстем Жанай халықтың құрметіне бөленген еді. Баспадан бірнеше өлеңдер, поэмаларымен қатар әңгіме, повесть, пьесалары жарық көрген белгілі ақын көп ұзамай өмірден озды. Артында жауһар жырлары мен игілікке бастар іздері қалды. Өмірден ерте өтсе де Рүстемге деген елдің сағынышы мен құрметі ерекше. Өзі пәниден өткенше киелі топырағы Қазалы жерінен бөтен жаққа аяқ басқан емес. Оның бүкіл шығармашылығы осы жерде өрбіді.

Қазақстанның халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Қадыр Мырза Әлінің былай дегені бар: «Рүстем өлеңдерінде өреп-пу, ала қашу, жалпы жас ақындарға тән алағызу сезілмейді. Ересектерге, тәжірибелі ағаға лайық байсалдылық, тұйықтық бар секілді. Айтқысы келгенін асықпай, асып- төгілмей үнемдеп жеткізеді. Бұл сезім сараңдығы емес, алысқа шабар бәйге атының айласы, бара-бара бой жазып, үзеңгілестерінен бірте-бірте үзіліп шыға беретін жүйріктің қасиеті. Егер осы мінезінен жаңылмаса, Рүстем әлі талай жерге барады, талайымызды қуантады. Тек жаңылмасын деп тілейік!»

Қадыр мырза Әлінің берген бағасы баянды болып, өмірден озғанша Рүстем сегіз кітапты жарыққа шығарып үлгерді.

2007 жылы «Сырдария кітапханасынан» шыққан көлемі 28 баспа табақ шығармалар жинағындағы «Өмірбаян орнына» өлеңінен бірер шумағын оқып көрейікші. Өз өмірінің өткен жолын қаз қалпында поэзия тілімен жеткізеді.

Түсіп келді деменіз ісі бүгін,
Жаны нәзік,
Бойында күші мығым,
Диқан деген ауылда туып-өскен
Диқан деген атаның кіші ұлымын.

Ісі құрысын осының дегізбедім,
Он бітіріп жөнімді көп іздедім.
Айтқанымен қаталдау басқарманың,
Бақтым біраз колхоздың өгіздерін.

«Сандалмай-ақ қойсаңшы босқа бала»,
Деген сөзге қарамай басқаға да .
Баққан малды тапсырып інішекке
«Тәуекел» деп кеткенмін астанаға...

Рүстем жас кезінен алғыр, өткір жігіт болып өсті. Ол тек алға ұмтылды. Білімге құштарлығын танытты. Ол Қазалы ауданындағы Мұратбаев атындағы колхозға қарасты «Диқан» ауылында дүниеге келді. 10-сыныпты бітіріп комсомолдық жолдамамен туған колхозында қалып, мал бақты, шөп орды. Еңбектің ащысы мен тұщысынан нәр алды. 1967 жылы қазақтың Абай атындағы педагогикалық институтының филология факультетін үздік бітіріп, Ақтөбе облысы, бұрынғы Шұбарқұдық, қазіргі Темір ауданындағы №484 орта мектебінде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып еңбек жолын бастады. Кейін өзі оқыған №420 орта мектепте мамандығы бойынша еңбек жолын жалғастырды.

Рүстемнің мамандыққа деген жауапкершілігі, ізденімпаздығы, іскерлігі оқушылар қауымын бір серпілтіп тастады. Ол әр істе талапшылдық мінез көрсетті. Оның бойында қуат, жүрегінде оты бар болатын. Осыны байқаған аудан басшылығы Рүстемді аудандық комсомол комитетіне бірінші хатшылыққа шақырды. Жастарға жетекшілік жасаған төрт жыл ішінде облыста ауданның аты шығып, республикадағы беделді ұйым аталды. Талай бастамашыл жастарды биік белестерге жетеледі. Жастардан шопандар бригадасы жасақталып, қой басын көбейтуге ауданның облыста алға озуына мұрындық бола білді. Аудандық партия комитетінің бюро мүшелігі Рүстемге үлкен жауапкершілік жүктеді. Колхоз, совхоздардағы жастарды мәдени-көпшілік жұмыстарға кеңінен тарту, жас қыздарды

механизаторлық мамандыққа баулуда аудан партия ұйымының қолдауына ие болды. Сол уақыттың өзінде «Қыз сыны», комсомолдық тойлар салауатты өмір салтына сай, ұлттық дәстүр, салтқа ұштастырыла жүргізілді. Бұл 1976-1980 жылдардағы батылдық қадам еді.

Рүстемнің бойындағы қасиеті-әділдік, адалдық, шыншылдық талапшылдық болатын. Аудандық комсомол комитетінде басшылықта жүріп шыңдалды. Алдыңғы буыннан мол тәжірибе жинақтады. Бала күнінен ауылда тұрып, қой бағып өскен егіншілік саласы мамандарымен етене араласты. Шаруашылық басындағы азаматтардың атқарған қызметтерінен үлгі алды. Аудан активі жиынында Рүстем жас болса да шаруашылықтағы ақсап жатқан жұмыстарды сын тезіне ала отырып, соны түзеуде өз ұсыныстарын өткізуге тырысты. Аудан басшылығы жас жігіттің меселін қайтармады. Ол көп ұзамай ауыл шаруашылығы қызметкерлері кәсіподағы аудандық комитетінің төрағасы қызметіне көтерілді, бұл аудан билігіндегі үшінші тұлға. Ол кезде кәсіподақтың шешімі мүлтіксіз орындалатын. Ауыл шаруашылық еңбеккерлерінің мүддесін қорғап, олардың өтініштеріне байланысты шипайжайларға тегін демалуға жолдама беретін.

Облыс, республиканың ауыспалы туларын жеңіп алу жөнінде ұсыныстар жасауға құқылы болатын. Бір сөзбен айтқанда, кәсіподақ ұйымы араласпайтын сала кемде-кем еді. Осы қызметті он екі жыл атқарып, бедел биігінен көрінген азамат. Рүстем кәсіподақ саласында ғана емес, аудандағы мәдени көпшілік жұмыстарға белсене араласты. Сол кезде аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Елеу Көшербаев Рүстемге айрықша сенім артты. Ол кісі әрбір кадрды екшеп, електен өткізетін. Аудандағы қанша талапты жастарға қанат бітіріп, тәрбиелегенін бүгінгі күнге дейін қазалылықтар еш ұмытпайды. Бүгінде солардың бірқатары ел ағасы атанып, бүгінгі буынға ақсақалдық ақылы мен өнегесін көрсетіп келеді.

Қазалы кентінде Елекең салдырып кеткен «Жеңіс» саябағы бар. Онда ауыл шаруашылық еңбеккерлерін, өндіріс озаттарын марапаттауға байланысты шаралар жиі өткізіледі. Бірде егіншілік саласындағы жұмыстарға байланысты сараптау жиыны өтті. Жиыннан кейін Рүстем Жанайдың әзіл-қалжыңға құрылған скечті жергілікті өнерпаздармен сахналанды. Сонда есімізде қалғаны, «Майдакөл» совхозында бір бригадирдің күрішін отақ басып, суы тартылмай жатқаны сын тезіне алынды. Әлгі бригадир сол жиынға қатысып отырған.

Ұялғаннан орнынан тұрып, топтан шығып жүре берді. Оны көріп отырған құрдастары әжуалап, ұялтқаны бар. Сол бригадир жыл соңында ауданның жеңімпазы атанып, бағалы сыйлыққа қолы жетті.

Көп алдында сыннан қорытынды шығарған бригадирді аудан басшысы Елекең ағамыз марапаттап, тәжірибесін таратқаны есімізде.

Рүстем бір сөзді, көрген кемшілікті бүгіп қалмай тіке айтатын мінезді азамат еді. Өзінен жоғары лауазымды биік адамдарға онша жалбақтауды ұнатпайтын. Оның осындай турашылдығы ауданның көп азаматтарына жағымды бола қоймады. Бір кездерде түрлі өсек-аяң таратып, оның аяғынан шалуды да қаперіне алғандар кездесті.

Қазақтың біртуар ақыны Сәкен Сейфуллиннің «жалпы ынта бөліп, жігер, қайрат болса, өз-өзіне сенген кәміл иман болса, ер жігіттің істей алмайтын ісі жоқ» деген сөзі дәл осы Рүстемдей азаматқа арналған тәрізді. Өйткені Рүстемнің жігерлілігі, қайраттылығы, өз-өзіне сенімділігі, адалдығы, әділдігі әркез ісінен де, сөзінен де байқалды. Үнемі жауапты жұмыстарда жүрсе де ізіне әңгіме ертпеді. Топ-топ болып, мөлдекшелеп, әңгіме айтып тұрған жігіттер Рүстем барған кезде кәдімгідей қабалақтап, біртіндеп ығысып жүре беретін-ді. Сырт көз сыншы деп қазақ бекер айтпаған. Рүстем бойынан осындай қасиеттерді жиі көретінбіз. Рүстем бір адамның бойынан бір мысқал жағымды ұшқын көріп қалса, оны бауырға тартып, жақсы әңгімесін тыңдағанша тыным таппайтын. Жауапты жұмыстарында жүрсе де өлеңнен қол үзген жоқ. Қолы босай қалса ойға келген өлең жолын ақ қағазға түсіріп отырды. Рүстем домбыра тартып, ән де айтатын. Алла тағала Рүстемнің бір басына жетерлік өнер берді. Шешендік сөзге де шебер болатын.

1992 жылдан 1994 жылға дейін Қазалы аудандық кеңес атқару комитеті төрағасының, аудан әкімінің орынбасарлығы қызметтерін атқарып, іргелі істер тындырды.

Пайғамбар жасына жақындағанда Қазалы қаласындағы №8 кәсіптік – техникалық мектепке жетекшілік жасады. Арада жиырма бес жыл өткенде ол ұстаздық жолға осылай оралды. Оқу орнындағы он жыл ішінде қыруар жұмыстар атқарылды. Училищеге келіп оқитын оқушылар саны еселеп артты. Оқу-техникалық базасы жаңартылды. Кәсіптік білім беру саласында мамандық алу көбейді. Кейін өзінің өтініші бойынша жастарға орнын босатып, аудандағы оқушылар Үйінің директорлық қызметін өмірінің соңғы күніне дейін атқарды. Мұнда да тәжірибелі ұстаздың, көп жыл аудан басшылығында қызмет атқарған азаматтың іздері қалды.

Рүстем Жанай жайлы айтар әңгіме таусылмайды. Кішкентай кезінен бір мектепте оқып, кейін Алматыда Абай атындағы педагогикалық институтты бітірерден екі жыл бұрын күндей сұлу Күләшпен өмірлік жар болып қосылды. Екеуі үш ұл, бір қыз тәрбиелеп өсірді. Үлгілі отбасы атанды. Рүстем дүниеден озғаннан кейін ер баласының бірі қапылыста қаза тапты. Бұл жағдай артында қалған Күләшқа оңай соқпады. Алланың пешенеге жазған тағдырына көнбеске лаж қалмады.

Қазалы ауданында Рүстем Жанаев оқулары, еске алу кештері жиі ұйымдастырылып, оның азаматтық жолындағы елге жасаған елеулі жұмыстары айтылып келеді. Мұны Рүстемге деген елдің құрметі деп ұққан жөн. Егер тірі болғанда биыл жетпіс жасқа толатын еді.

Рүстем талай өрелі ақын-жазушылармен араласып, солардан тәлім алды, тәжірибе жинақтады. Солардың ішінде Әбдіраштың Жарасқанымен дос болып, үш-төрт жас кіші болса да сыйласып өтті. Сонау бір жылы күздің жайлы мезгілінде қазақтың белгілі жазушысы Оралхан Бөкей мен ақын Әбдіраштың Жарасқаны Рүстемнің шақыруымен Қазалыда болып, халықпен кездеседі ғой. Екі азаматты поезға шығарып салып тұрғанда, Жарасқан Рүстемге қарап: «Темекі таусылып тұрғаны» дейді. Сол кезде жүргізушісі Темірбайды дүкенге жүгіртіп жібереді. Ол он шақты қорап «Север» темекісін әкеледі. Жарасқанның тартатыны «Қазыбек» темекісі. Сонда Жарасқан тұрып, Рүстемге: «Сенен неше күн болды мін таппай тұр едім. Жақсы жайландық, қыдырдық, демалдық. Енді таптым» дейді.

Қайда да жолбасшымыз Темір болды,
Бұл өзі ғажайып бір өмір болды.
Келгенде Жанаевтың ауылына,
Шіреніп шеккеніміз «Север» болды, -

дегенде Рүстем жүргізушісіне бұрылып қараса, әудем жерге кетіп қалған екен. «Осыдан кейін эпиграмма жазуға менде құлшыныс болды», - деп, Жақсыменен жанассаң, жақсы іске жолығасың, - демекші, Рүстем де игі жақсылардың сарқытын ішіп, әңгімесін көп тыңдаған азамат еді. Оның «Ақұдайлар» деген өлеңі қатар қоныс тепкен Қазалы және Арал аудандары тұрғындарының көңілінен шықты. Оған ән де шығарылды. Рүстем жырларының әдеби ортада алар орны әрқашан жоғары. Оны бағалаған ақындар қатары да көп болды. Өзі жалған пәниден ерте озса да артында өшпес жырлары қалды.

ТАҒЫЛЫМҒА ТОЛЫ ОН ЖЫЛ

*Дүзбай Сәлия,
Қазалы аграрлы-техникалық колледжі
директорының орынбасары*

Жүйткіген желдей зулаған уақыт-ай. Күні кеше сияқты 1994 жылдың қыркүйегінде аудан көлемінде ауқымды қызметтер атқарып тастаған ақын – Рүстем Жанаев бізге №8 кәсіптік мектепке директор болып келді.

Көзінің астымен бір қарап-ақ кімнің кім екенін, ішкі ойын, қандай жұмысқа қабілеті барын байқай қоятын. Жаңалыққа жаны құмар ол алғаш конфет цехын ашты. Цехтың ашылуын атап өтіп, аудан ардагерлерін шақырып, ұжымға бата алып берді. Ол жылдар айлық уақытында берілмей, барлық жер жекешелендіріліп, біздің мектептің де жабылып қалу қаупі төніп тұрған кез еді. Мектепті сақтап қалды. Қызылорда мен Қазалының екі арасын апта сайын жол қылып, мектепті жекешелендіруді көздегендерден де құтқарды.

Біздің ұран: «Тәртіп. Білім. Тазалық» - деп оқушыларды да жігерлендіріп қоятын.

Адамгершіліктің, имандылықтың, кішіпейілділіктің, ұятшылдықтың үлгісін көрсете білді. Жұма күні ұлттық киім киюге шақырды. Барлық ер балаларға «Ассалаумағалейкум», қыз балаларға «Сәлем бердік» деп үйретті. «Жас жұмысшылар мәдениеті» пәнінен дәріс берді. Оқушылар 45 минут қозғалмай тыңдайтын. Арасында қызықты пікірталастар өткізетін.

Республика көлеміндегі мектептерде әлі іске асырыла қоймаған кезде оқушылардың өзін-өзі басқаруына күш салды. Ертеңгі президенттер, министрлер, әкімдер бүгін біздің партамызда отыр деп жабық дауыспен оқушылар президентін, барлық министрлерін, әрбір топтың әкімдерін сайлатты. Жыл сайын ораза ұстады. Ораза кезінде мешіттен молда алдырып оқушылармен кездестіретін, мектептен қайтыс болған қызметкерлер мен оқушыларға құран бағыштайтын. Ораза аяқталған күні ерте келіп, жеңгелерін іздейтін. Өзілдері жарасқан Тойған, Зибәгүл жеңгелеріне «Айттық» беріп мәре-сәре ететін. Қызметтес болған он жыл ішінде ауданға облыстан, республикадан келген өнер адамдары мен ақындардың бәрін мектепке шықырып, мектеп ұжымымен, оқушылармен кездестіретін. Әр кездесуден соң рухани байып қалатынбыз. Жеңіл-желпісін айтпағанда қалада «Қарттар үйін» салдыруы, үйсіз жүрген алты қызметкерге мұрындық болып үй алуға көмектесуі үлкен азаматтық емес пе? Жыл бойындағы барлық мерекелерге сценарий жазылып, кештер өтеді. Мерекелерге мектеп ардагерлері шықырылып, сый-

сияпатсыз қайтпайды. Мұның бәрі тәрбиелеу жолдары екен-ау. Әр отырыста ақынның жаңа жырларының куәсі болатынбыз.

Кәсіптік мектепте қызмет істеген он жылда «Бір өзіңе», «Сағынып кеттім сені мен», «Жанайқай» атты жинақтарындағы жаңа өлеңдерінің алғашқы тыңдаушылары болдық. Ұжымдағы әрбір жанның жетістігіне балаша қуанатын. Пейілі өте кең еді. «Баламның оқуына ақша керек», - деген кейбір қызметкерлерге «кейін қайтарарсың» деп қалтасынан ақша бергенін де көрдік. Соңғы кезде әрбір топтағы ең үздік оқушыға өз айлығы есебінен степендия төлеп тұрды.

«Мен оған лайық емеспін әлі», - деген қарсылығыма қарамастан 1997 жылдың көктемінде «Жырларым – сезім сырларым» атты шығармашылық кешімді өткізді. Кеш басын маған арнаған мына өлең шумақтарымен ашқан болатын.

Еріксіз сыйласын деп
өзіңді жұрт.
Жаныңның жайсандығын
сезіндіріп.
Қадірлі қарындасым!
Қашан көрсем
Жүресің көңілің аппақ
Көзің күліп.

Байқаймын,
Жүрегінде жыр тұнады.
Құлындай желідегі
бұлқынады.
Әдейі көзге түспей,
Көңілдерде
Сен де бір жанып тұрған
жыр шырағы.

Басылмай,
Жыр алауы жалындасын.
Арманың биік болсын,
Шағылмасын.
Ұстаз боп,
Ақын болып,
Ана болып
Жасай бер айналайын
Қарындасым!

/Р. Жанаев, 3 сәуір, 1997 жыл/.

Жақсылық жасауға жаны құмар ағамыз бізге көп үлгі көрсете білді. Құрдастарымен, жеңгелерімен орынды әзілдесетін, оңашада інілерін орнымен «сыбап» алатын. Алдағы істелетін істерін, жазатын өлеңдерінің тақырыбын ад алдын ала аңқылдап айтып қоятын. Көкірегінде ешнәрсе жабық жатпайтын. Ойындағысын ашық айтатын.

Маған Рүстем ағай мен Мұқағалида бір ұқсастық бар сияқты көрінді. 1975 жылдың аяғында Мұқағали ақынды жазушылар үйінде алғаш және соңғы рет кездестірдік. Өйткені, екеуінің бойында да бізге көріне бермейтін бір құдірет бары сезілді. Ағай жан-жағына шуақ шашып жүретін. Көбімізге әкеміздей қамқор. Адамгершіліктің, имандылықтың кішіліктің, кісіліктің үлгісін көрсетті. Он жыл басшы болғанда солай тәрбиеледі, баулыды, жақсылығын айтып жеткізу қиын.

Аға ақылы – өмірге азық, жырлары жадымызда сақталады. Рүстем жанай өлген жоқ, жырларымен мәңгі жасай береді.

Түсірген талайларды
сабасына,
Ақынның жете алдық па
бағасына.
Мәңгілік сағыныш боп
сақталады,
Елінің жыр боп сіңіп
санасына.

РҮСТЕМ ІДІРҰЛЫ ЖАНАЙДЫҢ ЕҢБЕКТЕРІ

- Жанай Р. Әйелдердің жүрегімен ойнама: (Махаббат кітабы) / Р.Жанай. - Қызылорда: Тұмар, 2006. - 96 б. - (Махаббат жырлары)
- Жанай Р.І. Бір өзіңе: Өлеңдер. – Алматы: Маржан, 1999.
- Жанай Р. Дәулет батыр дастаны / Р. Жанай. - Алматы, 2007.
- Жанай Р. Жанайқай. – Қызылорда: Тұмар, 2004.
- Жанаев Р. Мезгіл мақамдары: Өлеңдер. – Алматы: Жалын, 1982.
- Жанай Р. Сағынып кеттім мен сені. – Қызылорда: Тұмар, 2004.
- Жанай Р. Шығармалары: Өлеңдер, поэмалар, әңгімелер, повестер, пьеса / Р. Жанай; Жауапты ред. Б. Кәрібозұлы. - Астана: Фолиант, 2007. - 448 б. (Сырдария кітапханасы).
- Жанаев Рүстем // Қазақ әдебиеті: Энциклопедиялық анықтамалық. - Алматы: «Аруна», 2005.
- Жанай Рүстем: [Өмірбаяны, өлеңдері берілген] // Жүректегі жауһарлар. Сыр елі ақын-жазушылары шығармаларының жинағы / Құраст. К. Сағымбайұлы. – Қызылорда: Алтын Орда, 2001.
- Жанаев Рүстем // Қазақстан жазушылары / Құраст. С. Қамшыгер, Қ. Жұмашева. – Алматы: Ан Арыс, 2009.
- Жанаев Рүстем // Қазақстан жазушылары: XX ғасыр: Анықтамалық / Құраст. Е. Дүйсенбайұлы, А. Естен, Қ. Омарұлы, ж.б.- Алматы: Ана тілі, 2004.
- Жанаев Рүстем // Сыр елі. Қызылорда облысы: Энциклопедия / Бас ред. Б.Ғ. Аяған. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2005.
- Жанаев Рүстем // Тамыры терең, тарихы кенен – Қазалы. – Алматы: Телеарна, 2008.

РҮСТЕМ ІДІРҰЛЫ ЖАНАЙ ЖАЙЛЫ ЕСТЕЛІКТЕР

- Бекбергенова Р. Рүстем Жанаевтың «Мезгіл мақамдары» өлеңдер жинағы жайлы //Ленин жолы. – 1982. – 5 ноябрь.
- Божанова А. Азамат ақын: Рүстем Ідірұлы Жанаев туралы / А. Божанова, С.Әбішев // Сыр бойы. - 2009. - 16 желтоқсан.
- Елінің еркесі еді ерен біткен: Ақын Р.Жанайдың қазасына // Сыр бойы. – 2009. – 21 қаңтар.
- Жақып Ж. Ақын жүрегінің жылуы // Сыр бойы. – 2002. – 15 қаңтар.
- Қазыналы мекеннің жыр керуені: Ә.Тәжібаев атындағы ғылыми-әмбебап кітапханада ақын Р. Жанаев, Ж. Мәкенәлі, т.б. қаламгерлермен оқырмандар кездесуі өтті // Сыр бойы. - 2006. - 21 қазан.
- Мәкенәлі Ж. Жалынды сөз зергері: Жазушы Рүстем Ідірұлы Жанайдың өмірден озғанына екі жыл / Ж. Мәкенәлі // Қазалы. - 2011. – 19 қаңтар.
- Мәкенәлі Ж. Жанаев оқулары қашан басталады?: Аудандық кітапхананың ұйымдастыруымен Р. Жанаевты еске алу кештері өткізілуде / Ж.Мәкенәлі // Қазалы. - 2010. - 7 сәуір.
- Рүстем Жанай: Қазанама // Сыр бойы. – 2009. – 21, 23 қаңтар – 3б.

Журнал 2014 жылдан бастап жарық көреді және 2017 жылдан бастап жылына 2 рет шығады.

«Болашақ» университетінің Хабаршысы іргелі және қолданбалы зерттеулер нәтижелері мен ғылыми-әдістемелік мақалаларды, сондай-ақ ғылыми конференциялар материалдарын жариялайды.

Редакция мекен-жайы: 120000, Қызылорда қаласы, Абай даңғылы 31. «Болашақ» университеті

Басуға 24.05.2019 жылы қол қойылды. Пішімі 70х106 1/6. Көлемі 5.0 б.т. Офсетті қағаз. Тапсырыс №226.

Таралымы 500 дана. Бағасы келісімді. «Болашақ» университеті баспаханасында басылды.

**«БОЛАШАҚ» УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ
№1(17)**

Жарияланған мақала авторларының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді.
Мақала мазмұнына автор жауап береді.
«ХАБАРШЫДА» жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.